



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ОТАН ҚОРҒАУШЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ БИІК



МАМЫР АЙЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОНКҮНДІГІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР БІР ЕМЕС, ҮШ БІРДЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕНІ АТАП ӨТЕДІ. ОЛАР 1 МАМЫРДАҒЫ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІ, 7 МАМЫРДАҒЫ – ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ ЖӘНЕ 9 МАМЫРДАҒЫ – ЖЕҢІС КҮНІ. 2012 ЖЫЛЫ 4 ҚАЗАНЫҢДА ПАРЛАМЕНТ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕРЕКЕЛЕР ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАП, ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІН БЕЛГІЛЕГЕНІМЕН ОЛ ЖЕҢІС КҮНІНІҢ КӨЛЕҢКЕСІНЕН ШЫҒА АЛМАЙ ҚАЛДЫ.

(Соңы 3-бетте)

ДЕРЕКТІ ӘНГІМЕ

## МАЙДАН ДАЛАСЫНДА БЕРІЛГЕН СЕРТ

Жаңадан оқу бітірген кезім еді. «Жас алаш» газеті жұмысқа қабылдаған. Сол жазда Талаптың тоғайынан Кребек көкем екеуіміз он күндей шөп орғанбыз. Сонда әлі де шалғыны еркін сілтейтін майдангер аға кешегі от кешкен жылдарын, одан кейінгі ішкі істер органында қызмет еткен кезеңін жүйелей отырып, біраз сырдық шетін ақтарғаны бар. Арада көп уақыт өтпей, ауылға келген сапарымда әулетіміздің қариясына арнайы амандаса барып, көптен бері есімнен кетпей жүрген ойымды айттым.

Тұмар апаның қою демдеген шәйін ішіп отырып, – көке, сіздің ауызекі айтқандарыңыздан соғыс жайын, одан кейінгі уақыттағы милицияда қызмет істеген жылдарыңыздың қызығы мен қиыншылығы туралы әңгімені көп естіп жүрміз ғой. Осыларды қағазға түсіре беру керек. Ал жазып, түртіп қойып жүргеніңіз болса, одан әрі өңдеуді, бір жүйеге түсіруді мен қолға алайын, – дегенмін. Көкем көп ойланған жоқ.

– Жақсы ниетіңе рақмет, балам! Ал жазу жағына келетін болсақ, пенсиядағы адамбыз, не істейміз сонымен айналыспағанда?! Біраздан бері, өзін айтпақшы түртіп қойып жүргенім де

бар. Оларды кәдеге жарата алсаң көрерсің. Алайда, кезінде ықтияттап жазып жүрмегеннен кейін соғыс уағындағы қан кешудің көбін ұмыта бастадық. Тек кейбір шабуылға шыққанымыз немесе бапқа тығылып қалған зеңбіректің дөңгелегіне жабысып алып, атпен бірге ат болып жүрген кезіміз болмаса, – деп көкем Тұмар апаға мақтана бір қарап қойды.

– Е-е, соларынды айт Сейітханға. Арасында менің әкеммен қалай танысқаныңды, соғыста жүріп ол кісінің берген уәдесін айтып беруді де ұмытпа, – деп Тұмар апа шалына қарап жадырай күлді.

– Ол қандай таныстық, уәде бергені қалай? – деп мен де елең ете түстім.

– Айтса сенгісіз, ол бір қызық оқиға, – деп көкем әңгіме тиегін ағытардағы қалпына көшті. Ендігі сәтте қабағын түйіп, бір пәс соғыс қимылдарын көз алдынан өткізгендей болып отырды да, баяу әңгімесін бастаған.

\*\*\*

– Корпус командирі генерал Мельничук деген украин болатын. Өзі сабырлы, генералға тән қасиеттің бәрін бойына жинаған ұқыпты, әкедей қамқор адам еді. Демалыстың екінші күні мені генерал шақырды. Қалаға кіре берісте бір бұрышын снаряд талқандап кеткен зәулім ағаш үй болатын. Сол тез арада қалпына келтіріліп, оған Мельничуктың штабы қоныстанған екен. Есік алдындағы сақшы мені таныды да, жылдам ішке кіргізіп жіберді. Аралық бөлмеде өзіме таныс телефон апараттары орналастыпты. Бірақ әлі үнсіз. Сөйткенше болмай тағы да бес-алты байланысшы жиналып қалды. Осы кезде барып генералдың адъютанты біздің келіп тұрғанымызды баяндап шықты.

– Е-е, – дедім ішімнен, – генералға шақырылған жалғыз мен емес екенмін. Корпус командирі күнде шақыра бермейді.

(Соңы 5-бетте)



Есберген АЛАУХАНОВ,  
ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары  
жөніндегі комиссияның сарапшысы:

«КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ СОТ  
100 ПАЙЫЗ ҚАЗАҚША  
СӨЙЛЕУІ КЕРЕК»

4-бет



БАЛА ҚҰҚЫҒЫ  
БАСТЫ НАЗАРДА

6-бет



БАҒА ЫРЫҚҚА  
КӨНБЕЙ БАРАДЫ

8-бет

КӨЗҚАРАС

## СОҒЫСТА ЖЕҢІМПАЗ БОЛМАЙДЫ

«МЕМЛЕКЕТ ПЕН БҮКІЛ ИГІЛІК – АДАМ ҮШІН» ИДЕОЛОГИЯСЫМЕН ӨМІР СҮРЕТІН ҚОҒАМ БАҚЫТТЫ. БІЗ АЛАЙДА ОЛ ҚОҒАМНАН ӘЛІ ДЕ АЛЫСТАМЫЗ. БІЗДІҢ ИДЕОЛОГИЯ «АДАМ – МЕМЛЕКЕТ ҮШІН, СЕН ЕЛІЦЕ НЕ БЕРДІҢ?» ДЕЙТІН КЕҢЕСТІК ИДЕОЛОГИЯ. КӨЗІН ТЫРНАП АШҚАННАН ОСЫ ТАНЫМ-ТҮСІНІКПЕН ӨМІР СҮРГЕН ҰРПАҚ «СОҒЫС» ДЕГЕН СҰРҚЫЛТАЙДЫҢ ЗАРДАБЫН ӘЛІ КҮНГЕ ТАРТЫП КЕЛЕДІ.

Кеңестік елдер құрамында болған көп мемлекет «Артымызда Москва, шегінерге жол жоқ!», «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» деген ұранмен армансыз сусындады, оның әсері 20-ның ар жақ бер жағындағы өрімдей жастарды Екінші дүниежүзілік соғыста жалаң қолмен от көсетіп, оққа ұшырды.

(Соңы 3-бетте)

ҚАБЫЛДАУ

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ



Президент Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевты қабылдады. Кездесуде Мемлекет басшысына агенттіктің қазіргі атқарып жатқан жұмыстары мен алдағы жоспары туралы баяндалды.

Дархан Жазықбаев мемлекеттік қызметке кіру үшін артық кедергі мен тосқауылды алып тастау және одан шығу тәртібін жеңілдету, мемлекеттік қызметтің кез келген қазақстандыққа ашық болуына қатысты ұсыныстарын айтты. Сонымен қатар, мемлекеттік аппарат

қызметін бюрократиядан арылту жұмысынан хабардар етіп, 2022–2023 жылдары «Е-қызмет» ақпараттық жүйесін жаңғырту туралы жоспарын ұсынды. Оның айтуынша, биыл сыртқы порталды құру арқылы «Е-қызмет» базасында мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау процесі толық цифрландырылады. Ал 2023 жылы басқа да кадрлық үдерістер, атап айтқанда, ротация, тағылымдама, біліктілікті арттыру және басқа да қызметтер автоматтандырылады.

Кездесу барысында Президент мемлекеттік қызметке іріктеу жүйесін одан әрі жетілдіру, меритократия қағидатын ілгерілету және адамға бағдарланған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыру жөнінде тапсырмалар берді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

## СУДЬЯ ӘДЕБИ ЕЛ НАЗАРЫНДА

Конституциялық тәртіппен сот төрелігін жүзеге асыруға міндетті, құқықты қолданушы бірден бір тұлға – судья. Судьяға істі қарау барысында қысым жасауға, ішкі жұмысына араласуға жол берілмейді, ол әр іс бойынша заң мен арға сүйенеді.

Судьяның құқықтары мен міндеттері Ата Заңмен, Президент қол қойған конституциялық күші бар «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» заңымен айқындалған. Ал, оның тәртібі мен әдеби Судьялық әдеп кодексінде бекітілген. Егер судья тәуелсіз, кәсіби біліктілігі жоғары, әдепті, қарапайым халыққа етене жақын және ашық болса, оған ешкім тиіспейтініне, қызметіне ешкімнің араласпайтынына заң жүзінде кепілдік берілген.

Жалпы, судьяның әдеби қай кезеңде де қатаң бақылауда. Заңгер, академик Салық Зиманов: «Судья тәуелсіздігінің екі дұшпаны бар: судьяның өзі мен бас пайдасын көздеген күштер» деген екен. Кез келген ағаттық қасықтап жиған абыройды шелектеп төгуі мүмкін.

Ашықтық пен жариялылық орнаған бүгінгі қоғамда қатаң іріктеуден өткендер ғана судьялық қызметке тағайындалады. Ол үшін әр кандидат қаншама тер төгеді, моральдық тұрғыда дайындалады, білімін шыңдайды. Бұл ұзақ әрі тынымсыз еңбек етуді талап етеді. Сөйтіп барып судьялық лауазымға қол жеткізгенде, оған одан да үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл жерде енді ресми, заң тұрғысынан судьялардың кәсіби қызметін бағалау әдістемесі іске кіріседі, онымен Жоғарғы Сот жанынан құрылған Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Судьяларды іріктеу, соттардың кадрлық



резервін қалыптастыру және оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту Жоғары Сот Кеңесінің құзырында. Адам тағдырымен, заңдармен жұмыс жасайтын болғандықтан, қоғам қашан да оның моральдық келбетіне қатаң талаптар қояды және судья үнемі сын мен міннің назарына дайын болуы керек.

Судьялардың мінез-құлқы қағидаттары жайында мәселе туындаған кезде, ең алдымен, Судьялық әдеп кодексін басшылыққа алады. Судьяға берілетін өкілеттік ұлттық құқыққа ғана емес, демократиялық елдерде құпталған халықаралық құқыққа да бағынышты. Айта кетерлігі әдеп қағидалары қызметтегі және отставкадағы судьяларға тең қолданылады. Кодекстің әр бабы құқықтық және қоғамдық жүктемеге ие. Кодексте судьяның мәртебесі мен жауапкершілігі туралы анық айтылған. Оған сай судья кез келген жерде әлсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне жол бермей, судья мәртебесіне лайық болуы керек. Сот отырысын жүргізуде де өзін лайықты ұстап, процеске қатысушылардан да сотты құрметтеуді талап ете алады.

Көп жағдайда судьялардың қызметтегі және одан тыс әрекеттеріне әр түрлі сын-пікір айтылып, БАҚ-та, әлеуметтік желілерде ашық талқылауға түсіп жатады. Мұны демократиялық қағидат, қоғамдағы қалыптасқан құбылыс деп қабылдауға болады.

Судьялық әдепке байланысты қандай да бір мәселелер осы кодекспен реттелмеген жағдайларда, судья жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік қағидаларын, сондай-ақ, сот төрелігін іске асыру мен судьялардың жүріс-тұрысы саласындағы халықаралық стандарттарды ұстанады.

Сот жүйесі – мемлекетіміздің билік тармақтарының бірі. Сондықтан ондағы басты тұлға саналатын судьяларға жоғары сенім қалыптастыру аса маңызды. Әлбетте төрелік етер қазының өз абыройына нұқсан келтірмеуі – ең алдымен, тек өзіне ғана байланысты.

Арыстан БЕКБОЛАТОВ,  
Манғыстау облысы  
мамандандырылған ауданаралық  
экономикалық сотының судьясы

ПӘРМЕН

## МЕМЛЕКЕТ ПАЙДАСЫНА ӨНДІРІЛЕТІН БЕРЕШЕК КӨП



Бижан ҒАЛЫМЖАН,  
Алматы облыстық атқарушылық округының жеке сот орындаушысы

Қазына қаржысы, мемлекеттің бюджеті елдегі табыс көзінен бөлек, азаматтардан жиналатын салықтың, төленетін айыппұлдың есебінен толады. Бюджет бұл – мемлекетті дамытудың, қолдауға зәру әлеуметтік топтарды қолтығынан демеудің мүмкіндігі. Сондықтан мемлекет пайдасына өндірілетін берешекті дер кезінде қайтару маңызды. Өкінішке

орай, біздің қоғамда өз міндетіне селқос қарайтын, берешегін ұзын арқан, кең тұсауға салып ұзақ уақыт төлемей жүріп алатындар қатары көбеймесе кемімей отыр. Мұндай жауапсыздықтан ең алдымен мемлекеттің қамқорлыққа зәру әлеуметтік әлсіз топтары көп зардап шегеді. Осыған орай жеке сот орындаушылар да мемлекет пайдасына өндірілетін берешек мәселесіне ерекше назар аударады.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекет пайдасына берешектерді өндіруде тек жеке сот орындаушылардың күшімен, ынтымақпен жоғары нәтижеге жету мүмкін емес. Мәселен қазір қай өңірге барсаңыз да көлік көп. Ал мемлекет алдында берешегі барлардың басым бөлігін осы көлік иелері құрайды. Олар күнделікті мініп жүрген көліктерінің салығын дер кезінде төлемейді. Не осы көлікпен жүріп жол ережесін бұзғаны үшін белгіленген айыппұлды да төлеуге асықпайды. Мұндай азаматтарға қателігін түсіндіріп, берешегін қайтару үшін тек кеңес беру, ақыл айту жеткіліксіз. Ол үшін неғұрлым пәрменді шаралар керек. Және оны құзырлы орындармен бірігіп атқарған жағдайда нәтиже жоғары бола-

ды. Соған орай Жеке сот орындаушылар палатасының аймақтық бөлімдері полиция басқармалары, Мемлекеттік кіріс департаментімен өзара ынтымақтаса жұмыс істеу туралы меморандумға отырған. Бұл сот және өзге де уәкілетті органдар актілерін орындауды жетілдіруге көмектеседі. Сондай-ақ, заңсыздықтарға жол бергендердің, заңды айналып өтуге тырысатындардың қылмыстық ісін ашуға әрі жолын кесуге мүмкіндік туғызады. Бірлесе жұмыс істеу жеке сот орындаушылар жұмысын жеңілдетуге де ықпал етері анық. Мемлекет пайдасына өндірілетін сомаларды төлету бойынша күш біріктірудің пайдасы зор.

Өйткені, бұл берешекті өндіру бойынша құзырлы орындардың өзара ақпарат алмасуына, бірлескен рейдтік шаралар ұйымдастырып, мемлекет пайдасына әкімшілік айыппұлдар және басқа да төлемдер бойынша борышкерлерді жедел анықтауға көмектеседі. Ал борышкерлердің автокөлікпен жүруіне тыйым салу және оларды айыппұлға орналастыру, борышкерлерге берілген жүргізуші куәлігінің қолданысын тоқтата тұру шаралары – берешекті өндірудегі пәрменді құралдар.

БІЛГЕН ЖӨН



## ТАҢДАУ ЕРКІ – ТАЛАП ҚОЮШЫДА

Елімізде әкімшілік әділет құрылымын енгізу ең алдымен мемлекеттік орган мен азаматтар арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуді көздейді. Бұл институт біздің мемлекетімізде жаңа құрылым саналғанымен, әлемнің көптеген елдерінде бұрыннан жемісті жұмыс істеп келе жатыр. Ал осы жаңа институттың негізі саналатын Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің мақсатын, қағидатын, міндетін түсіндіру жұмыстарын әлі де кеңейте түсу керек. Өйткені, азаматтар сотқа ісі түскенде болмаса, басқа уақытта жаңа заңдардың ерекшелігіне мән бере қоймайды. Соның ішінде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің «Істердің соттылығы» деп аталатын 16-тарауына ерекше тоқталған дұрыс.

Кодекстің 102-бабында айқындалғандай әкімшілік сот ісін жүргізуді мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттар жүзеге асырады. Сондай-ақ, азаматтар тұрғылықты жері бойынша аудандық соттарға да жүгіне алады. Яғни, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын, осы кодексте көзделген даулар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен соттардың соттылығына жатады. Алайда, заңның дәл осы талабы бүгінде өз деңгейінде орындалып жатқан жоқ. Мәселен, әкімшілік істер бойынша азаматтардың талап арызды тұрғылықты жеріндегі аудандық соттарда қаралатыны заңмен бекітілген. Солай болғанымен, аудандық соттар мұндай арыздарды тікелей жаңа әкімшілік соттардың қарауына жолдауда. Соның салдарынан әкімшілік соттардың жүктемесі жоғарылап отыр.

Бәрімізге белгілі, республика бойынша тек 21 әкімшілік сот құрылған. Оларға қосымша штат қарастырылмай, басқа соттардың судьялары есебінен кадр құрамы жасақталған. Ал енді жария құқықтық дауларды қарауға енді бейімделіп, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс бойынша жаңадан бірыңғай тәжірибе қалыптастыруға күш салып келе жатқан әкімшілік сот судьяларына дәл қазіргі уақытта қолдау керек. Судьялар жүктемесінің шамадан тыс көп болуы қателік жіберуіне ықпал етіп, ізденуіне, жаңа бағыттағы кәсіби біліктілігін көтеруіне кедергі келтіреді. Сондықтан 102-бап талабының сақталуын назарда ұстаған жөн.

Кодекстің 16-тарауында тәртіпке сәйкес, бірінші сағаты сотымен келіспен тараптар облыстық және оларға теңестірілген соттарға апелляциялық тәртіппен жүгіне алады. Әкімшілік істер жауапкердің орналасқан жері бойынша, ал, электрондық құжат нысанында шығарылған әкімшілік акт талап қоюшының тұрғылықты (орналасқан) жері бойынша қаралады.

Егер жауапкер бірнешеу болса, талап қою жауапкерлердің біреуінің орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін. Осы бапқа сәйкес іс соттылығына жататын бірнеше сот арасындағы таңдау талап қоюшыға тиесілі болады. Моральдық зиянды өтеу туралы талап азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралатыны заңмен көзделген.

Сонымен қатар, кодекстің 109-бабында соттылық туралы дауларды шешу тәртібі белгіленген. Соған сәйкес, соттар арасындағы соттылық туралы дауларды жоғары тұрған сот шешеді, оның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды. Ал облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан бірінші сағатыдағы соттар арасындағы дауды тиісті облыстық немесе оған теңестірілген соттың ұсынуы бойынша Жоғарғы Сот шешеді.

Заңның басымдықтарын халыққа таныстыру міндет. Құқықтық мемлекетте ешкім заңды білмегендіктен жапа шекпеуі тиіс. Бұл істердің соттылығына да қатысты.

Мәлс ИДИРИСОВ,  
Алматы облыстық №2 мамандандырылған ауданаралық  
әкімшілік сотының төрағасы

ЖОЛДАУ – ЖОЛБАСШЫМЫЗ

## КЕЛІСІМ МЕН ТАТУЛЫҚ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жолдауында елді экономикалық және саяси тұрғыдан жаңғыртумен бірге білім мен денсаулық сақтау саласын жетілдіріп, халықтың еңбекқандығын, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеруге, мемлекеттік қызмет сапасын жоғарылатуға, сол арқылы адам капиталын инвестициялауға айрықша назар аударылып отыр. Жолдауда сот және құқық қорғау жүйесін жаңғырту, отбасы мен жастар мәселесі, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, шағын бизнесті қолдау, ауыл шаруашылығы мен экология мәселесі де күн тәртібіне өткіріп қойылған.

Елімізге түбегейлі реформалар керек екенін қадап айтқан Президент саяси жүйені кешенді жаңғырту басты мақсат деді. Ең маңыздысы, «реформа жасап жатырмыз» деген сөз үшін ғана әрекет етпей, қағаз бетінде жасалатын көпірме сөз, бос уәде емес, халыққа керегі көзбен көріп, қолмен ұстайтын оң өзгерістер» деп айрықша атады. Әрине, бүгінгі күннің мәселесі аз емес. Егіс науқанына біздің шаруа қожалықтары дайын ба?! Меніңше, жоқ. Жылда қайталанатын су тапшылығы тағы да егін шаруашылығын дамытуға тосқауыл болады деген қауіп бар. Осы орайда, фермерлер мен шаруа қожалық өкілдерін қатыстыра отырып, олардың проблемаларын тез арада зерделеу, шешкен жөн. Бұл жолғы жолдаудың мәні де, маңызы да айрықша. Ауқымы кең, мазмұны бөлек. Ең бастысы келісім мен татулықты сақтай отырып береке-бірлігімізді күшейту керек.

Бәріміздің есімізде, қаңтардағы дүрбелең кезінде халқымыз қауіп-қатермен бетпе-бет келді. Мемлекетіміздің тұтастығына үлкен қауіп төнді. Осынау сын-дарлы сәтте тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімізбен сезіндік. Қиын кезде батыл шешім қабылдап, біріге білудің арқасында елдігімізді қорғап қалдық.

Еліміз алдағы уақытта да дамып, ілгерілеуі үшін көп болып жұмылып, ортақ мақсат жолында ұйымшылдықпен, жауапкершілікпен жұмыс жасауымыз қажет. Бұл жергілікті атқарушы органға да, мәслихаттарға да зор міндет жүктейді. Халық атынан өкілдік ететін депутат болғандықтан, тұрғындардың мәселесін жан-жақты зерттеп, атқарушы органға жеткізіп отыру міндетіміз. Сондықтан, баршаныңды жаңа Қазақстанды құруға, егеменді еліміздің тәуелсіздігінің тұғырлы болуы үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып жұмыла еңбектенуге шақырамын. Келісім мен татулық келелі жетістіктерге жетелейтінін ұмытпайық.

Аманкелді АБДОЛОВ,  
Атырау облыстық мәслихаты, Аманат партиясының фракциясының  
жетекшісі

КӨЗҚАРАС

# СОҒЫСТА ЖЕҢІМПАЗ БОЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оған соғыс тарихына қатысты статистика мен архивтың ақпараттары дәлел. Жеңіске жеткен тарап сапында біздің де аталарымыз, біздің де әжелеріміз болды. Олардың қан майдандағы жүріп өткен жолы жырға айналды, көзсіз батырлығы өнеге, әрбір әңгімесі патриоттық ұран ретінде дәріптелді.

Бірақ бүгінгі құндылық, бүгінгі тарих Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан әрбір солдатты жалған идеологияға алданған ұрпақ, пафосты ерлік жырының құрбаны ретінде қарастыра бастады. Өйткені, әлем соғысқа қарсы. Адамзаттың қасіретін арқалайтын, бақытсыздығын еселейтін соғыста қандай жеңімпаз болсын?! Адам – қонақ, әлем – мәңгілік. Ендеше, ешкімнің біреудің өмірін қиюға, оның айналасын тып-типыл етіп жойып жіберуге қақысы жоқ.

Соңғы жылдары өнер, әдебиет, мәдениет, кино, театр өзінің негізгі тақырыптарына жалған жасампаздықты, халық бірлігі мен қуатты мемлекетті емес, адамның жаны, адамның өмірі мен бостандығы, оның бақытты болашағы мен үйлесімді өмірін шығаруға тиіс болатын. Бұл жалпы қоғамды басқыншылық көңіл-күй мен менменшіл, өзімшіл мінезінен алыстатуға қызмет етер еді. Себебі, соғыс тақырыбында адам трагедиясы жеңілген де, жеңген де тарапқа ортақ. Бұл соғыста жеңімпаз болмайтынының дәлелі.

Мемлекеттік идеология ұлтты, билікті, басшыны көзсіз сүйгізудің «озық» бағдарламаларынан бас тартпай соғыс қасіреті мен зардабын көрсету, оған әділетті баға сұрау артық. Рас, қазір Екінші дүниежүзілік соғысты әркім көзқарас тұрғысынан көрсететін фильмдер көп, әдеби шығармалар жетерлік. Мәселен,

неміс режиссері Филипп Кадельбахтың «Біздің аналар, біздің әкелер» фильмі соғыстың жастардың жігерін қалай жасытқанын, биік армандарынан қалай алыстатқанын, қарапайым неміс азаматтарын қалай бақытсыз еткенін көрсетті. Бір мақсат, бір мүдде, ортақ Отан идеясының әлемде өте сәтсіз идеология болғанын кино тілінде сөйлетті, дәлелдеді. Мұнда біржақты айыптау жоқ. Керісінше, орыс әскерлерінің әрбір үй үшін, әрбір ғимарат үшін жан аямай ерлікпен шайқасқаны айтылады. Мұнда «кім кінәлі?» деген сұрақ қойылмайды. Режиссер неміс офицерлерінің бейкүнә қарусыз адамдарды қалай атып, қалай дарға асқанын, үй жайымен қоса өртеп, әлемге қалай геноцид жасағанын әділетті беруге тырысады. Неміс әскерлерін тек қана басқыншы образында қалдырмайды, фильм кейіпкерлері арқылы олардың дәл өзгелер секілді соқыр саясаттың құрбаны болғанын, олардың да трагедиялы тағдыр иелері екендігін шебер жеткізеді.

Беларусь жазушысы Светлана Алексевичтің «У войны не женское лицо» деген кітабы да соғыстағы әйелдер қасіретін ашық көрсетті. Нобель сыйлығына ие болған әйгілі кітаптың әр беті соғыс кезеңіндегі әйелдердің өз аузымен айтылады. Ақиқат қашан да анық, ашық айтылуымен құнды.

Ал, біздің кино, біздің әдебиет ше? Бізде адам трагедиясынан гөрі жеңісті монополиялау басым.

Тарихтағы мұндай қателіктер ұлттық идеологияның адами ізгі қасиеттердің ғана насихатшысы болу керек екенін көрсетті. Өз ұлттың өзгеден артық қою – басқаны менсінбеу, оны жою секілді жаулық пиғылды оятатынын осындай соғыстар дәлелдеді, бүгінгі соғыс та осындай амбициялардың нәтижесі...

Жадыра ҚҰДАЙБЕРГЕН

ЖҮРЕКЖАРДЫ

# АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ АЗАЙМАЙДЫ

Өмірге деген шексіз сүйіспеншілік талай азаматты соғыста жеңіске қарай жетеледі. Жанқиярлық ерлікке итермеледі. Олардың арасында менің атам – АЙМАНБЕТОВ САУЫТҚАЛИ да бар.

Ол жайлы жазбалар соғыс туралы естелік құжаттарда, хаттарда, кітаптарда жазылып, сақталды. Сол кітап парақтары бүгінгі ұрпаққа соғыс жылдарын еске алуға және ардагерлерді құрметтеуге көмектеседі. Ұлы Отан соғысының ардагері, білім саласының ағартушысы, жазушы ақын Сауытқали Айманбетов 1919 жылы 1 ақпанда Қаз ССР Талдықорған облысы Ақсу ауданы Қарашілік ауылдық округіне қарасты «Қосбатыр» қыстауында дүниеге келген. Алғаш да ізденімпаз бала мектепті үздік бітіріп, Қапал педучилищесін, кейіннен Абай атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетін бітірді.

Әскерге 1938 жылы шақырылып, 1940 жылы әскери борышын өтеп жүрген жерінен майданға кіреді. Соғысты Қиыр Шығыс майданынан бастап, 1945 жылғы мамыр айында Берлин қаласын алумен аяқтайды. Ол кісі жеңістің ұмытылмас күндерінде неміс жерінде болды. 1945 жылы жапон соғысы басталғанда Сауытқали Айманбетов Қиыр шығыс майданының 408-ші атқыштар полкымен бірге Курил аралдарында жапондықтарға қарсы шайқасқа қатысты. Туған жеріне 1947 жылы мамырда офицер шенінде оралды. Елге келген соң жоғары білімі бойынша ұстаздық қызметін жалғастырды.

Ұлы Отан соғысының II дәрежелі ордені мен «За взятие Берлина» медалдарымен, Қаз ССР Білім Министрлігінің озық қызметкері белгісімен марапатталған ардагер, ұлағатты ұстаз Сауытқали Айманбетов тарихқа, шежіреге де мол мұра қалдырды. Оның әңгіме, повест, толғаулары мен деректі хикаяаттары баспасөз беттерінде жарияланып тұрды. Соғыс жылдары жайлы естеліктерге толы кітаптары да өз оқырманын тапты. Ардагердің «Адалбақан» кітабында соғысқа дейінгі уақыт жайлы, соғыс басталғандағы кезеңдер мен соғыс соңындағы Берлиндегі жеңіс сезімі жайлы ой толғағы, 1937 жылғы ашаршылық жайлы жазған «Құлпытас» кітабы біз үшін мол мұра.

Бүгінде мен атамның өмірі мен еңбек жолын мақтан етіп, үлгі тұтамын. Соғыс ардагерлерінің әрбірінің қанды майдандағы ерліктері бізге үлгі болатындығын мақтанышпен айтамыз.

Ермек БЕКЖАНҰЛЫ,  
полиция капитаны, Алматы 1 ст. ЖПБ  
Алтынкөл ст. ЖПБ бастығы



Айманбетов Сауытқали  
Құ. Айманбетовтің «Адалбақан» кітабының  
1937 жылғы ашаршылық жайлы жазған «Құлпытас» кітабының  
біз үшін мол мұра.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биыл Қазақстандағы Отан қорғаушы күнінің пайда болғанына 10 жыл толады. Оның тарихы Мемлекет басшысының 1992 жылы 7 мамырда «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлыққа қол қоюынан басталады. Осыған қарамастан күні бүгінге дейін Отан қорғаушы күнінің атына заты сай келмей жүр. Аға буын мен жаңа толқынның арасындағы Жеңіс күніне қатысты пікір қайшылығы ашық айтысқа ұласпағанымен, оны жақтаушылар қатарының азаюына байланысты 9 мамырдың ерте ме, кеш пе бәрібір бір күні бұрынғы мәнін жоюына ешкім күмәнданбайды.

Тұран университетінің саясаттану PhD докторы Жеңісбек Төлenniң айтуынша, Отан қорғаушының мәртебесін көтеруде 7 мамыр күнінде тұрған айтарлықтай ештеңе жоқ. Алдыңғы буындар Отан қорғауды 9 мамырмен байланыстырып келді. Қазір буын алмасу үдерісі жүріп жатқандықтан, Жеңіс күнін тойлайтындардың көбі кетіп, азы қалды.

– Кеңес үкіметі – Ұлы Жеңіс күнін идеология құралы ретінде дәріптеп, халықтың санасына сіңірді. Бірақ қазіргі жастар бұл мәселеге күмәнмен қарайды. Оны мемлекет де алдағы уақытта қайта қарастырады деп ойлаймын. Сондықтан оның көлеңкесінде қалды деп 7 мамырды ауыстыруға қажеттілік жоқ деп ойлаймын. Отан қорғаушы күні сияқты мерекелерге әлемнің өзге елдері ерекше мән береді. Біз де ұлттық және қауіпсіздік тұрғысынан мемлекеттік мерекелерге айрықша көңіл аударуымыз қажет. Отан қорғаушы деген кезде биліктің де, халықтың да көз алдына тек парад пен әскер ғана елестейді. Отан қорғау әскермен

# ОТАН ҚОРҒАУШЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ БИІК

шектелмеу керек. Бұл психология кеңестік дәуірден қалған сарқыншақ. Отан қорғау деген мемлекеттің түрлі саладағы әлеуетін көрсету. Былайша айтқанда, әлемдік қауымдастықта өзінің бәсекеге қабілетті, әлеуетті екенін көрсету. Отан қорғау деген кезде мемлекет пен халықтың сандық емес, сапалық әлеуетін айтуға болады. Бізге де сондай идеологияны, түсінікті қалыптастыру маңызды. Мәселе ішкі мазмұнда. Әрбір мерекенің өз тұжырымдамасы болу керек. Бізде мәселен, Тәуелсіздік декларациясы қабылданған тарихи күн – Республика күні ешқандай референдумсыз мерекелер күнтізбесінен алынды. Бұл үлкен қиянат. Бұл күнге мән берілмеу себебі оның тарихи маңызын түсіндіретін тұжырымдамасы жоқ. Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік мерекенің саны көбейгенімен, сапасы азайып кетті, – дейді саясаттанушы.

«Отан – белгілі бір аумақта өзінің тарихи іс-қимылын жүзеге асырып жатқан бүкіл халық. Ол – халықтың өткені, бүгінгі және келешегі. Ол – оның өзіндік мәдениеті, оның тілі,

оның мінез-құлқы, ол – сол халық жасайтын революциялардың, тарихи секірістердің, оның тарихи желілерінің тізбегі» деген екен орыстың әйгілі жазушысы Алексей Толстой. Шынында да Мәңгілік ел боламыз десек Отан қорғаушының мәртебесін арттырып, лайықты баға беріп, құрмет көрсетуді мемлекеттік деңгейде жүзеге асыруымыз қажет. Отан қорғаушы – жасына да, жынысына да, нәсіліне де, ұлтына да, тілі мен дініне де бөлінбейді. Ұлт батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай «Отан қорғаушы – ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет ететін адам». Оны еректерді құттықтайтын не әскердің құрылған күніне теңеу Отан қорғаушы деген мәртебелі атқа жасалған қиянат. Отан қорғаушы күні – Қазақ мемлекетінің жойылмауы үшін қанын да, терін де төгіп, жанын да құрбан еткен ата-баба рухына тағзым ететін, олардың ерлігін паш ететін ең қадірлі мереке.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

ДЕПУТАТ БАҒАНЫ

Ерлан САИРОВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

# «РЕФЕРЕНДУМ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАЙДЫ»

Осынау бүкіл адамзат үшін рухани мәні зор кезеңде біздің өлімізде орасан зор саяси процестер қарқын алып отыр. Ол процестің басты өзегі өлімізде жарияланған Конституцияға өзгерістер жөніндегі референдум.

Референдум жөнінде ой толғау үшін ең бірінші Қазақстанның саяси тарихына шолу жасау қажет. 30 жылда Қазақстан толыққанды тәуелсіз мемлекет болып мойындалды. Халықаралық аренада жинап терген абыройымыз да бар. Айналадағы көршілермен өзара тату-тәтті өмір сүрудің бет-әлпетін де жасадық. Ешқандай ұлтаралық шиеленіс болмады, төзімді болдық, иық тіресіп өзара тату өмір сүре білдік. 30 жылдағы эттеген-айларға да тоқталсақ:

Жер мен жер қойнауы «тістегеннің аузында, ұстағанның қолында» кетті. Халық бүкіл елге тиесілі жер, жер қойнауы ресурстарынан тыс қалды. Бүкіл байлыққа олигополия ие болып қалды. Саяси аренада да монополия пайда болды. Демократия мен плюрализм принциптері аяқ асты болды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келген үш жылдың ішінде өлімізде саяси реформалар мен әлеуметтік әділеттілік принциптерін енгізуді ұсынып қана қоймай, осы мәселені жүйелі түрде іс-жүзіне асырып келеді. Саяси реформа дегеніміз, ең бірінші Конституцияны тазалап, басты құжатта халық пен ел принциптеріне басымдық беру. Енді, сол Конституцияға енетін өзгерістерді бір анықтап өтсек. Конституцияның 6-бабына «Жер және жер қойнауы, табиғат ресурстары халық меншігі» деген ұғым енгізіледі. Яғни, бүкіл жер ресурстары мен жерге қатысты шаруашылық қатынастар принципін өзгертуді деген сөз. Конституциялық Сот институты пайда болады. Бұл сотқа өліміздің азаматтары барлығы жүгіне

алады. Бұл соттардың қисық-қыыр, түсініксіз, әділетсіз шешімдеріне үлкен тосқауыл болатындығы анық. Бүгінде соттардың ісіне бірде-бір институт, мемлекеттік орган араласуына құқы жоқ. Сөз жүзінде, сот өкілдері дербес, тәуелсіз. Соттар өздерінің тәуелсіздігін өзінше түсініп, азаматтардың құқы бұзады деген түсінік басым. Енді, соттарды да бақылау институты пайда болады деген сөз.

Президенттің құзыреті азайып, Парламент, оның ішінде, Мәжілістің құзыры артады. Мәжіліске Жоғары аудиторлық палатаны тыңдау, оның есебі бойынша шешім қабылдау құзыреті беріледі.

Партияларды тіркеу жеңілдейді. Партияны тіркеу үшін бар-жоғы 5 мың адамның қолы қажет. Бұл партиялық құрылыс жылдамдап, жаңа саяси күштер пайда болады деген сөз. Парламенттің Мәжілісіне және жергілікті маслихаттарға тікелей сайлау, мөжаритарлық жүйе енеді. Бұл аспект Парламент пен маслихаттардың халыққа есеп беру дәрежесін арттырады. Бұл өзгерістердің барлығы ертең халық мүддесі тұрғысынан жасалған жаңа заңдардың пайда болуына алып келеді. Өткендегі олигополия, әділетсіз экономикалық жүйе, жеке бір топтың саяси монополиясы келмесе кетеді деген сөз. Бұл Конституция жобасының ең басты ерекшелігі саяси монополияны келмесе кетіреді, экономикалық игіліктерді халыққа қайтаруға алғышарт жасайды. Жаңа Конституцияның жобасы өткен мен болашақтың, ескі саяси жүйе мен жаңа әділетті, саяси плюрализмге бағытталған жүйе ара-



сындағы жолайрық, ара жігін ашып алу фундаменті.

Өкінішке қарай, осы реформаларға жаны қарсы, өзінің материалдық ресурстарынан айырылып қалуға жақын тұрған, бұрын халыққа тиесілі игілікті «сүліктей сорып» келген топтар бұл өзгерістерді қаламайды. Олар бұрынғы саяси, экономикалық «статус-квоны» сақталып тұрғанын, өздерінің күн көріп отырған, «жіліктің майлы» жерінен, «құйқанын» қалың жерінен айырылғысы келмейді. Сондықтан, Конституцияның жаңа жобасын қабылдауды қаламайды, әртүрлі жолдармен референдумға қарсы шығуы да ықтимал. Бізге осыдан сақ болу керек.

Реваншистік күштер, өткенді көксеп, саяси жүйені ескіге алып келгісі келеді. Олар бүгінгі саяси реформаларды ревизия жасап, халыққа экономикалық игіліктердің қайтуына, әлеуметтік әділеттілік принциптерінің іс-жүзіне асуына қарсы тұратындығы анық.

Мен референдумды қолдаймын, өйткені референдум демократия мен плюрализмнің негізін қалайды! Басқа мемлекеттер бүгінгі турбулентті заманда жеке биліктің фундаментін қатайтып, азаматтардың құқы қысып жатқан кезде, Қазақстан саяси реформалар жасап жатыр. Біздің басшылық халықтың мүддесін қорғап, азаматтардың құқы арттырып жатыр. Олигархтардың құқының тоқтатып, халық игілігін өзіне қайтаруға жол басталды. Араны ашылып кеткен қаржылық топтардың тәбетін тоқтатып, халықтан әділетсіз тартып алған меншігін орнына қою процесі жүріп жатыр. Сондықтан, референдумды қолдап, түсіндіру жұмыстарын жүргізу өте маңызды. Демократия. Плюрализм. Әлеуметтік Әділеттілік. Теңдік. Заң және Құқық. Міне, біз тіткен, біз аңсаған құндылықтар осы жаңа Конституцияда айқындалған.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Есберген АЛАУХАНОВ,  
ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның сарапшысы:

# «КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ 100 ПАЙЫЗ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУІ КЕРЕК»

– Есберген Оразұлы, адам құқықтарын қорғау саласындағы конституциялық өзгерістер мен толықтыруларға қатысты заң жобасына байланысты пікіріңіз қандай?

– Конституциялық реформа жөніндегі жұмыс тобының мәлімдеуі бойынша, қазір көптеген өзгеріс пен толықтыру жасалып жатыр. Соның жобасы жарияланды. Көпшіліктің арасында дау болып, жалпы бұқара халықтың түсінбей тұрған мәселесі «Бірінші Президенттің статусына» қатысты. Бұл жердегі әңгіме былай. Конституцияда Тұңғыш Президенттің рөлі жазылып қалады. Бірақ, фамилиясы жазылмайды. Конституцияда тек қана мемлекеттің негізін қалаушы деген тарихи рөлі ғана белгіленеді. Бұл өзгеріс қабылданғаннан кейін «Тұңғыш Президент туралы» конституциялық заң автоматты түрде күшін жояды. Елбасы деген сөз конституциядан алынып тасталынады.

Ал енді Тұңғыш Президенттің көзі тірі. Ол жөнінде не болады? Қандай заң қолданылады деген кезде бізде «Президент туралы» заң бар. Ол өз күшін жойған жоқ. Сол жерде экс-президент туралы норма жазылған. Сол норманың негізінде экс-президенттің бюджеті, өзін қорғайтын және айналасындағы аппараты көрсетілген. Сол мүмкіншілікті ғана пайдаланады. Оны нақтылап айтып кезде біріншіден, экс-президенттің ар-намысы мен беделін қорғауға құзырет береді. Екіншіден, әлеуметтік жағынан қорғау, яғни зейнетақысы,



көлігі, күзеті болады. Осы мәселелер мемлекет тарапынан заңда реттеліп көрсетілген. Сондықтан экс-президенттің жеңілдіктері осы ғана болып, басқа мәселеге араласуға ешқандай құқы болмайды.

– Конституцияда Тұңғыш Президент туралы бұрыннан да бар ғой?

– Жаңа Президент – жаңа Қазақстан құру керек дегеннен кейін осындай тың өзгерістер болып жатыр. Бізде құқықтық сауат төмен ғой. Сондықтан халық оны дұрыс түсінбеуде. Жаңа редакция бекігеннен кейін халық риза болады.

– Тұңғыш Президент деген сөзді де мүлде алып тастау керек

деген пікір қаншалықты негізді?

– Бұл дау тоқтамайды. Ал бірақ жаңа ғасырдағы жаңа Конституция – жаңа тарих болып қалады. Осы тұрғыдан алғанда қазір дұрыс шешім жасалып жатыр деп ойлаймын. Президенттің рөлі Конституцияда тек қана жазылып қалады. Ал қоғамда ешқандай рөлі болмайды. Саясатқа араласпайды. Өзгерістер мен толықтыруларда да оның аты-жөні айтылып жатқан жоқ.

– Қазір Конституциялық Сот қайта құрылып жатыр ғой?

– Енді азаматтардың арыз-шағым мен Қазақстан халқының мұң-мұқтажы, заңға

қайшы келетін мәселелердің бәрі республиканың Бас прокуроры немесе Адам құқықтары жөніндегі уәкілі арқылы Конституциялық Сотқа жолданады. Сондықтан оның аппараты мықты болу керек. Конституциялық Сот судьясының көмекшілері, кеңесшілері болуы қажет. Өйткені, бұрынғы Жоғарғы Сотқа баратын арыз-шағымдардың бәрі енді осы Конституциялық Сотқа бағытталады. Әрбір қағазға дұрыстап сауатты жауап беру үшін білгір, өмірлік тәжірибесі бар, практик ғалым-заңгерлерді Конституциялық Соттың құрамына судья қылып алған дұрыс деп ойлаймын. Әрине бәрі бірдей практик болмайды. Оған ғалымдарды да араластыру керек. Сонда кемелденген

Конституциялық Соттың құрамы күшті болады деген ойдамын.

– Конституциялық Сот халықтың үмітін ақтай ала ма? Бізде қоғам тарапынан заңдар орыс тілінде ғана жазылады деген сын жөні айтылады ғой?

– Дұрыс айтасыз. Егеменді ел болғаннан кейін Конституциялық Сот судьяларының бәрі 100 пайыз таза қазақ тілінде сөйлеуі керек. Бұрын Конституциялық Кеңесте ондай мүмкіншілік жоқ еді. Тек арнайы мәлімдеме жасалғанда ғана қарап, жауап беретін. Конституциялық Соттың шеңбері өте үлкен. Кең түрде, толығынан кеңес беріп, шешім шығара алады. Көздіңіз бе, оның айырмашылығын. Бұл әлемдік практикада болып жатқан жағдайлар.

– Бізде бұл бағытта тәжірибе болды ма?

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары 1993 жылғы Конституция бойынша Конституциялық Сот құрылды. 1995 жылы жаңа Конституция қабылданғанда оны жойып жіберді де, оның орнына Конституциялық Кеңес құрды. Ол билікке ыңғайлы болды. Менің рухани ұстазым, академик Салық Зиманов 1995 жылғы Конституцияға және Конституциялық Кеңестің құрылуына наразы болды. Ол кісі «Конституциялық Сот болуы керек. Біз демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекетпіз» деген болатын.

– Адам құқық қорғауға байланысты бізге әрдайым АҚШ пен Еуропа елдері тарапынан сын көп айтылады. Бұл неліктен?

– Конституцияда адам құқығы бірінші бапта жазулы тұр. Адам құқығын қорғау жөнінде де жұмыстар жасалып жатыр ғой. Жалпы, ол бұрынғы билікке байланысты болды. Биліктің басында кім болды? Соның ықпалы болды. Енді ол адам кетті ғой. Біз жаңа Конституция қабылдадық деп жатырмыз. Жаңа Қазақстанда жаңаша өмір сүруіміз керек. Шетелдің көзқарасы әртүрлі. Біз оған тойтарыс бере алмаймыз. Көзі ашық қоғам мүшелерінің бәрі қазір Тоқаевтың саясатын дұрыс деп қолдап жатыр. Сондықтан жаңа Конституцияны жазғы каникулға дейінгі 2-3 айдың көлемінде бекітіп алсақ өмір сүру стандартымызды жаңа Конституция аясында жүзеге асыратын боламыз.

– Кейбір әріптестеріңіз 1993 жылғы Конституцияны қайтару керек деген пікірде. Сіз қалай ойлайсыз?

– Өте дұрыс. Президент өз өкілеттігін қысқартып, біраз құқығын Парламентке бергелі отыр. 1995 жылғы Конституция бойынша Президент басқаруды 100 пайыз өз қолына алған болатын. Қ.Тоқаев «Жаңа Қазақстан» бағдарламасында бұл билікті қайта Парламентке беріп жатыр. Сондықтан жаңа Конституцияны бүкілхалықтық референдум арқылы жаңадан қабылдаған дұрыс деген ойдамын.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

МІНБЕР

## АҚШАЛАЙ ӨНДІРІП АЛУ – ПӘРМЕНДІ ТЕТІК

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енгізілуі халық пен әкімшілік органдар арасындағы даудың оңтайлы шешілуіне септігін тигізді. Себебі, кодекс бұрынғы заңдардағы тең құқықтық ережені айналып өтіп, қарапайым азаматтардың, қоғамдық бірлестіктер мен кәсіпкерлер құқығын қорғауға басымдық береді. Бүгінде әкімшілік соттарда судьялар арыз берушіге көмектесіп, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру үшін барын салуда.



Мемлекеттік органдар тарапынан сот талаптары мерзімінде себепсіз әрі ескертусіз орындалмаса, сот Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе талаптарына сай, соттық әсер етудің бір әдісі ретінде процестік мәжбүрлеу шараларын қарастыра алады. Әкімшілік сот өндірісіндегі процестік мәжбүрлеу шаралары кодекстің 18-тарауында көзделген. Процестік мәжбүрлеу шараларына – ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу, ақшалай өндіріп алу жатады.

Ақшалай өндіріп алу – процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайда қолданылады. Осы іс-әрекеттерді әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, сот әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Сонымен қатар, аталған мәжбүрлеу шарасы – соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытты хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытты бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкіміне бағынбағаны, сотта белгіленген қағиданы бұзғаны, сотты құрметтемегені туралы анық куәландыратын

өзге де әрекеттер үшін қолданылады. Мұндай әрекеттер үшін сот 20 АЕК-ке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Ал соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партициптивтік рәсім тәртібімен реттеу келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағандарға сот 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдана алады.

Мысалы, көбіне сот сұратқан мәліметті әкімдіктің уақытылы ұсынбауы, белгіленген мерзімде жеке сот орындаушыларының атқару өндірісінің материалын ұсынбай-тыны анықталып жатады. Осындай уақытта ақшалай өндіріп алу қолдану туралы мәселені қарау мәжбүрлеу шарасы қолданылатын адамға алдын ала хабарлана отырып, сот отырысында жүргізіледі.

Ақшалай өндіріп алуды төлеу ұйғарым тапсырылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және ол республикалық бюджеттің кірісіне өндіріліп алынады. Жауапкер ақшалай өндіріп алу туралы сот ұйғарымын қолына алған күннен бастап бес күн ішінде бюджетке төлем жасауға міндетті. Ақшалай өндіріп алу қолданылған адам оны төлеуден босату немесе ақшалай өндіріп алу мөлшерін азайту туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге құқылы. Бірақ апелляциялық тәртіпте шағымданудан бұрын ақшалай өндіріп алу сомасын төлеуі тиіс.

Әкімшілік кодексе енгізілгенге дейін соттар істі қарау барысында құқықбұзушыларға тек ескерту ғана жасай алатын. Ал қазір соттардың қолданып отырған ақшалай өндіріп алу әдісі процеске қатысушыларды, оның ішінде мемлекеттік органдарды да тәртіпке келтіруде.

Қазіла САҒЫНДЫҚОВА,  
Маңғыстау облыстық соты әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының судьясы

ТӘЛІМ

«Тәрбиесіз өскен баладан, тәртіппен өскен талартық» дейді қазақ. Бұл бабаларымыздың бала тәрбиесіне, ұрпағының келешегіне бейжай қарамағанын көрсетеді. Дегенмен, кейінгі жылдары отбасылық құндылықтардың арзандап, ұлттық тәрбиенің ақсағанын еріксіз мойындауға тура келеді. Әсіресе, ата-ананың қадірін білмейтін, сөзін тыңдамайтын жастардың заң шеңберінен шығатын әрекеттер жасауы тыйымдай тұр. Кәмелетке толмаған баланың заңға қайшы әрекеті үшін ата-анасы жауапқа тартылатыны белгілі.

## «ҚАМЫСТЫ БОС ҰСТАСАҢ ҚОЛ КЕСЕДІ»

Балалардың түнгі уақытта көшеде жалғыз жүруі, көңіл көтеру орындарынан табылуы ата-ана тарапынан бақылаудың дұрыс жасалмағанын, тәрбиенің әлсіздігін көрсетеді. Сондай-ақ, заңмен тыйым салынғанына қарамастан кәмелетке толмағандардың сауда орындарынан темекі өнімдерін, спирттік ішімдіктер сатып алуы да қадағалаудан кеткен кемшілік. Өкінішке орай, үлкендер бақылаусыз бала қылмысқа бейім болатынын түсінгісі келмейді. Кейде тіпті, балаға шектен тыс еркіндік берген ата-ананың бармағын тістеп жататынын сот тәжірибесінен жиі байқап жүрміз. Данышпан қазақ мұндайда «Қамысты бос ұстасан қолыңды кеседі» деп, баланы еркіне жіберудің де елеулі қателік екенін аңғартқан.

Баланы бетінен қақпай өсірудің залалын көлік жүргізуге қатысты заңбұзушылықтардан да көруге болады. Осындайда қазақтың «Балаға пышақты бермесен бір жылдайды, берсең мың жылдайды» деген терең маңына сөзі ойға оралады. Дәл осы тіркес ата-ананың көлігін рұқсатсыз мініп, жолда өзіне де, өзгелерге де қауіп төндіретін жасөспірімдерге қаратып айтылғанды көрінеді.

Қара жолда қайғы көп. Соның көпшілігі жүргізушілердің жауапсыздығынан орын алады. Бұл қатарға соңғы уақытта кәмелетке толмағандар да қосылған. Ата-ананың жоқтығын пайдаланып көлікті рұқсатсыз жүргізетіндер баршылық. Әрине, жасөспірімге бәрі қызық. Желпілдеп, елпілдеп тұрған жастар достарының алдында солай ұнай жинап, өзін ересек ретінде көрсетуге тырысатыны қалыпты жағдай. Бірақ оның залалы қаншама! Мысалы біздің сотта кәмелетке толмаған баласы көлік жүргізгені үшін ата-аналарға қатысты 2021 жылдың алғашқы 4 айында 33 іс түскен, барлығына айыппұл тағайындалған еді. Ал биылғы жылдың 4 айында 27 іс түсіп, әкімшілік құқық бұзушының 20-сына айыппұл салынса, 7-еуіне әкімшілік қамақ жазасы белгіленді.

Мысалы, Жаңаөзен қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы



Кенжегүл ҚАЛАУОВА,  
Жаңаөзен қаласы әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

кәмелетке толмаған баласын тәрбиелеу жөніндегі міндетін орындамаған. Әрине, қара жолдағы қауіп-қатерден ешкім де сақтандырылмаған. Тіпті, талай жылдан бері көлік жүргізіп келе жатқан, тәжірибелі, білікті жүргізушілердің өзі техникалық ақау туындағанда, жолда апатты жағдай орын алғанда дұрыс шешім қабылдай алмай әбгерге түсіп жатады. Ал жол ережесін білмейтін, көлік тәбиғатын түсінбейтін, төтенше жағдай туындағанда сарабал көзбен қарап, баға бере алмайтын жасөспірімнің қайғылы жағдайға ұшырауы әбден мүмкін. Мұндай кезде ол өзінің өміріне де, айналасындағылардың өміріне де қауіп төндіреді. Сот істі таразылағанда осы мәселеге көбірек ден қояды.

Сот отырысында бала тәрбиесін ұсынатын шығарған әкеге ӘҚБтК-нің 127-бабының 3-бөлігімен бес тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы белгіленді. Бұл жаза бала тәрбиесіне бейжай қараған әкеге сабақ болары анық. Сонымен бірге, өзінің шалыс қадамы үшін әкесінің жазаға тартылғанын көрген бала да енді қиыс қадамға бармайды деп үміттенеміз.

## ДЕРЕКТІ ӨНГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның үстіне тікелей генералдың бұйрығын штабтан алып шығу сирек болады. Қатардағы жауынгер үшін бұл үлкен мәртебе.

Генералдың бізге берген тапсырмасы тығыз әрі өте құпия екен. Одан біздің түсінгеніміз мынау: Киевтен, оның айналасындағы маңызды объектілерден аз уақытта айырылып қалған фашистер қатты шырығулы. Жау қарсы шабуылға әзірлік үстінде. Бұған қосымша, кейбір аймақтарға диверсанттар түсірілгені жөнінде ақпарат бар. Белая Церковь қаласына орналасқан корпус штабымен байланыс жедел түрде қалпына келтірілуі керек. Біздің міндетіміз: Гребенки, Кіші Ольшанка, Строков және Фастов деревняларында орналасқан дивизия штабтарына қорғаныс шептері мен түнгі күзетті күшейту тапсырылғанын жеткізу. Байланысшылар екі арада үзбей қатынаста жүреді. Жаңадан тартылып жатқан телефон сымы бір сәтке де үзілмеуі тиіс. Бұл бір. Екінші, біздің корпусқа бекітілген қорғаныс шептерінде түнгі күзеттің құпия сөзі (пароль) қазіргі сәттен бастап өзгертіледі. Ол – «Шетен» («Рябина»). Ал қосымша бұйрықтар қолымыздағы пакеттің ішінде айтылған.

Осындай құпия бұйрықты алып, барлығымыз жан-жаққа тез тарасып кеттік. Астымызға бір-бір ат берілді. Өйткені, Гребенки деревнясы Белая Церковтен 18 шақырым қашықта орналаса, Фастов – 33, Кіші Ольшанка – 13, Строков – 28 шақырым жерде. Мен Гребенкиге қарай жөнелдім. Шаруашылық ротасының повозкасын таситын көк атқа көптен көзім түсіп жүруші еді, сол атты қалап алдым да жүген салдым.

Гребенки деревнясы атты адамға таяқ тастам жердегідей ғана көрінді екен. Тез-ақ келдім. Деревняға жақындап калғанымда мені күзетшілер тоқтатты.

– Құпия сөз! – деді күзетшілердің ішіндегі төртпақ денелі мұртты адам. Өзі менен әлдеқандай ересек көрінеді.

– Шетен! – дедім мен міз бақтастан.  
– Мынау не дейді-ей? Шетеншілін өзінің. Қаруыңды таста да аттан түс. Шетеніңе көрсетейін, – деді әлгі мұртты адам. Дауысы зор екен. Өзі бір әулім қарағайдың тасасынан шығып еді. Мынаның гүрлідеген дауысынан қарағайдың бұтақтары дір-дір ете қалғандай. Арғы жағындағы екі күзетші қаруын кезеніп, енді болмаса шүріппені басқалы тұр. Құпия сөздің ауысқаны жөнінде бұлардың әлі бұйрық алмағанын білемін. Ол бұйрықпенде. Сондықтан көп сөзді қойып:

– Мені тез арада дивизия штабына апарыңдар. Корпус штабынан маңызды бұйрық бар, – дедім.

Сонымен, қойшы әйтеуір олар мені атымнан түсіріп, дивизия штабына жаяу айдап әкелді. Штаб бастығы майор шеніндегі орыстың отыздарға келіп қалған жігіті болатын. Оны мен бір-екі мәрте корпус штабынан байқап қалғанмын. Бірақ ол мені қайдан танысын. Алайда, құпия пакетті ашып оқығаннан кейін жүзіне жылылық ұялады.

– Жақсы, жолдас қызыл әскер. Бұйрықты дер кезінде жеткіздіңіз. Бізден кейінгі Васильков қалашығында диверсанттардың жүргені жөнінде мәлімет бар. Қайтарда сак болыңыз, – деді.

– Қам жеменіз, жолдас майор. Сіздерге қарай екі байланысшы корпус штабымен тікелей байланыстыратын кабель тартып келе жатыр. Қазір орта жолға келіп қалған шығар. Сіздермен байланыстың үнемі болып тұруына біз жауапты боламыз, – дедім генералдың соңғы сәтте берген бұйрығын есіме түсіріп.

Штабтан шыққанымда бағанағы мені тоқтатқан күзетшілердің ішіндегі мұртты дәу жігіт сол маңда әлі жүр екен. Жылдам басып қасымға келді.

– Қазақпысың? – деді ол салған жерден жүзі жадырап.

– Қазақпын...

– Ой, айналайын-ай! Қызыл әскер киімін кигеніңмен, біріншіден түртүсінді ажырата алмаған айып менде. Екіншіден, біз білмейтін құпия сөзді айтқаныңда тіпті шошып кеттік қой. Соның алдында ғана диверсанттар туралы естіген едік, – деді кешірім сұрағандай болып.

– Оқасы жоқ, ағасы, енді әскери тәртіп қой, – оған сіздер кінәлі емессіздер. Керісінше, бұдан былай да дәл осылай сақ болу керек, – деп атыма қарай жүре бергенім сол еді, ол кісі гүр етіп қайта тоқтатты.

– Қай жерденсің, інішек?

– Оңтүстік Қазақстан облысынанмын. Бұрынғы Сырдария облысы...

– Оның қай жерінен?

– Шаян ауданы. Үлкен Бөген бойындағы Талап ауылынан, – деп бұл жолы толық жауап бердім. Өйткені, осынау мығым қазақ менің жай-күйіме көңіл аударып, әкедей баурап бара жатыр еді.

– Өй, жерлес болдық қой. Мен Арыстан боламын. Сенің ауылыңнан ағып өтетін Бөген өзені біздің Көкса-райға дейін келеді. Бәсе, жылы ұшырайсың, інім екенсің ғой. Қайда жүрсең де, аман бол, – деп атымның жүгенін өзі шешіп, қолыма ұстатты. Көп сөйлесіп тұруға нағашымыздың ауылында жүрген жокпыз. «Жақсы, жақсы» десіп, бір-бірімізге амандық тілеп, қош айтыстық. Мен өз бөліміме қарай асығыс аттанып кеттім. Былай шыға бере осы бір даңғырлаған қазақтың аты-жөнін сұрап алмағанымға қатты өкіндім.

Көп ұзамай Житомир қаласы үшін қырғын шайқастар басталды. Осы шабуыл кезінде баяғы Гребенки деревнясында жөн сұрасатын мұртты қазақпен қайта ұшырастым. Жараланып қалса да қатардан шықпай соғыса беріпті. Мені көргенде тұған баласын көргендей қатты қуанды. Атыс саябырсыған бір сәт еді. Окоп ішінде отырып, жол қапшығымыздағы «сухой паекпен» жүрек жалғадық.

Осы кезде бағаналы бері үнсіз тыңдап отырған Тұмар апа әңгімеге араласты.

– «Наркомовский» жүз грамнан да іштік» – демеітін бе едің...

# МАЙДАН ДАЛАСЫНДА БЕРІЛГЕН СЕРТ

– Ой, ол кейін ғой. «Награждение» болғанда. Житомирді азат еткеннен кейін біздің корпустан 300-дей жауынгердің әртүрлі наградаға ұсынылғанын естідік. Ішінде мен де бармын. «Ерлігі үшін» медальді сол жолы алдым. Ал енді осы жерде бір қызық бар, – деді көкем тыңдаушы адамын елең еткізедегі әдетіне басып. Жазып отырған қағазымды ысырып қойып, мен де үңіле түстім. Ол кісі асығар емес. Жүзі жылып біраз уақыт отырды да:

– Жарықтық Сақан қария! Көп болса сонда қырыққа енді келген қызыл-шылдаған жігіт кезі екен ғой. Бізге әкеміздей ересек көрінуші еді. Корпус штабындағы марапат кезінде сапта ол кісі де болды. Генерал Мельничуктың қолынан «Ерлігі үшін» медальды қатар алдық. Марапатқа ие болғандарға арнап генералдың адъютанты дастарқан жайды. «Наркомовский» жүз грамды сонда іштік. Орман ішіндегі жертеленің алды бірін-бірі құттықтаған жауынгерлер. Жанымынан келіп, қапсыра құшақтаған адамның Сақан аға екенін бірден сездім. Бұл жолы, тіпті, іші-бауырымызға кіре сөйлестік.

– Ал наградаң құтты болсын, інім, – деп Сақан аға тағы да құшақтап, бір сілкіп алды. Мен де аузыма түскен жақсы сөзімді айтып жатырмын.

– Шіркін, елге аман-есен қайтар күнге де осылай бірге жетсек қой, – деді Сақан аға тебірене түсіп, – әлгінде байқадың ба, Кребек, наградаға ұсынылғандардың тең жарымына жуығына «посмертно» берілді деп хабарлады-ау, ә. Небір жас жігіттер опат болды ғой. Әлі өмірдің қызығын көрмеген, үйленіп балалы-шағалы болмағандар солардың көбі.

Әлгінде тартып алған жүз грамның буы бойға тарап, екеуміздің көзімізге жас келіп қалды.

– Аман бар ма, Сақан аға! Олардың ерлігі ұмытылмайды. Елдегі бауыр, ағайын-жұрт бізді жау оғынан мерт болсын деп жіберген жоқ. Бірақ соғыстың аты соғыс емес пе? Сабыр етіңіз, – деп мен басу айтқан болдым.

– Ал өзің қалай, Кребек үйленіп пе едің? – деді кенет Сақан аға.

– Жоқ, қайдан үйленейін, жағдай көтермеді. Шымкентке келіп өз күшіммен оқыдым. Жұмысқа енді ілігің, адам боламыз ба дегенде соғыс басталып кетті...

– Е-е! Жағдай көтермеді дейді ғой. Сендей жігітке тұрмысқа шыққан қыздың маңдайының бес елі бағы бар. Осыдан елге аман оралсақ өзін қыз тауып беремін. Тіпті болмаса, өзімнің қызымды беремін, – деді Сақан аға күле отырып. – Қазақтың қалың малы қалмайды. Маған қалың малдың қерегі жоқ. Бірақ кәдесін жасарсың. «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген ғой атамыз. Бұл қалай, ә! Дұрыс па осыным? – деп Сақан аға бұл



жолы екі иығымнан бүре түсіп, күректі алақанымен арқамнан қағып-қағып қойды. Қызарып кетсем керек, сонда да сыр бермеген боп:

– Қызыңыз нешеде? – деп қалдым не айтарымды білмей.

– Биыл 13-те.

– Е-е, әлі жас қой...

– Қыз өспей ме, көкірегіңді теспей ме, – деп не үшін айтқан? Әлі-ақ желкілдеп шыға келеді, – деп Сақан аға еңсеріп әкетті.

– Көреміз аға оны, ниетіңізге рақмет! – дедім мен енді қашақтай бастап. Шыңдығына келгенде құлағымға жағып барады-ау. Бірақ «мақұл, аламын» деп қалай айтамын.

– Сен Кребек, көремізінді қой, – деді Сақан аға түсін суытып, – мұны елге аман-есен оралайық деп, жақсы ырыммен айтып отырмын. Ал мен екі сөйлемейтін адаммын.

– Олай болса, жарайды аға! Сіздей ақкөкірек, аңқылдаған адамнан жаман-жәуіт қыз тумаған шығар, – дедім бұл жолы нық сеніммен, – әкеліңіз қолыңызды!

– Е-е, мұның енді жөн! Жігіт осылай болуы керек. Арысқа келіп, Асақаевтың үйі қайсы десең, кез келгені жөн сілтеп жібереді. Айналайын, қайда жүрсең де аман жүр...

Сол арада:

– Сапқа тұрыңдар! – деген команда болды да біздер бұйрық бойынша сапқа тізіліп, лезде өз бөлімімізге тарасып кеттік. Бұдан кейін біздің корпус қайта жасакталып, 1-Беларусь майданының құрамына берілді. Ол кезде, әрине, мұны білген жокпыз. Қайда жұмысқа сонда барасың ғой. Бұл деректі мен соғыс біткеннен көп кейін, шамасы 60-жылдары болуы керек, бір анықтам қағаздар керек болып, соны Подольск мұрағатынан сұратқан кезде білдім. Ал Сақан аға бір ұрыста қатты жаралы болып, бұл жолы госпитальға жөнелтіліпті. Содан біз майдан даласында қайта кездеспедік.

1946 жылы армия қатарынан босағаннан кейін Октябрь колхозына жұмысқа тұрдым. Бір күні «контор» деп аталатын қалқайған қоржын тамға келсем, жұрт жинала қоймапты. Соңадай жерде атынан түсіп, шарбаққа шылбырын іліп жатқан адамның түр-тұлғасы, бітімі сондай ыстық көрінді. Алдында аттан түсіп жатқанында байқамаппын. Енді бері қарай қашан бұрылар екен деп қақшып, тыпыр етпей қалғанымды өзім де сезгенім жоқ. Бір кезде бұрылды, онымен қоймай бері қарай жүре бастады. Ойпырым-ай, мұндай да ғажап болады екен. Кеше ме, аргы күні ме есіме түсіп: «Қайда екен Сақан аға? Тірі келді ме екен соғыстан?» – деген ой санама жүгіріп өтіп еді. Ал енді мынаны қарашы, келе жатқан сол Сақан ағаның дәл өзі. Түс дейтін түсім емес. Бірақ орнымнан қозғала алмаймын.

Аяғымға қорғасын байлап қойғандай. Бір кезде құлындағы дауысым құраққа шаққандай болды.

– Сақан аға! Аман екенсің ғой, Сақан аға, – деп алдынан тұра жүгірдім.

– Кребек, батыр-ау, осында жүргеніңді неге айтпайсың? Шаянның бір баласы бізге бригадир болып бекіді. Аты – Кребек! Соғыста болыпты. Армиядан босап келген беті екен, – деп әңгіме айтып отыр көрші әйел кеше кешқұрым. Елең ете қалғаным... Сол, келдім міне іздеп. Жүрегі құрғыр сезген екен ғой, аттай тулап... түнімен ұйықтай алмадым, – деді Сақан аға мені құшағынан босатқаннан кейін.

– Ал үйге жүр, қонақ боласың...

– Сіз қайда тұрасыз? Арыстан келдіңіз бе? – дедім сасқалдап.

– Арыс қалды ғой. Осы Октябрьге көшіп келгенбіз, – деді Сақан аға, – тың жерді көтересіңдер деген тапсырма болды. Сонымен осындамыз. Енді бүгінше қоя тұрғын жұмысыңды. Қазанға етті де салған шығар. Кешіксем бір жақсылықтың болғаны. Қарайламай бұрқырата беріндер деп тапсырма беріп кеткен едім апана.

Сөйтіп, Сақан аға мені ойлануға, бұрылып бұлтаруға шамамды келтірмей үйіне алып келді. Таралып өсіп қалған бойжеткен қызы бар екен. Кіріп-шығып жүріп шай дастарқанын жасады. Одан бір кішілеу қызды біздің Әпизаме (қарындасы) қатар ма деп қалдым. Есіктен сығалап, аң-таң болып ол жүр. Аты Ұрзада сияқты. Үлкен қыз «Ұрзада, ананы апар, мынаны апар» деп қояды. Сақан аға екеуміздің әңгімеміз әлі таусылар емес. Одан не ұғып не қойып жатқанымды өзім де білмеймін. Бірақ көңіліме бір белгісіз алаң кіргенін анық байқадым.

– Тұмаш, самаурынды кіргізе ғой, балам! Шоғы басылды, – деген шеше дауысы естілді. Сол кезде барып Сақан аға да:

– Үлкен ұл Әлімханнан кейінгіміз ғой бұл Тұмаркүл. Шешесіне қолқанат болды деген осы. Тек әлі Арыс жақты ұмыта алмай жүр. Мектебін, бірге оқыған кластастарын сағынатын сияқты, – деп қойды.

Сақан ағаның үйінде кішігірім той өтті десе де болғандай еді. Бір-екі қария, майданнан келген үш-төрт адам жиналды. Ол уақыттағы әңгіменің барлығы соғыс туралы болушы еді. Біз де сол арнадан ұзай алмадық. Бірақ, майдан даласында жүргенде берген уәдесі, екеуміздің сертіміз жайлы Сақан аға тіс жарған жоқ. Алғашында айтса екен деп күтіп едім, содан соң айтпай-ақ қойғаным да мақұл көргендеймін. Оған себеп те жоқ емес. Ең бастысы: «қазақ мынадай қызға құда түспей қарап отырушы ма еді» дейді ішкі ойым. Оның үстіне, әлгінде бір қария әңгімесін сабақтай отырып:

– Өй, Сақанжан-ау! Түнеукүні үлкен

қызына біреулердің құда түсе келгенін естіп едік, ыңғай бердің бе? – деген сауалға үй иесі бұл мән бермегендей сынай танытса да, үлкен кісінің сұрағын жауапсыз қалдырған жоқ.

– Е-е, ақсақал! Ол меймандарды күттім. Ас-суымды бердім. Бірақ, «қызым әлі жас. Жаңа жердің ой-шұқырына үйрене қойған жокпыз» деп қайтарып жібердім, – деді. Осымен бұл әңгімеге ешкім қайта оралған жоқ.

– Ет желінді, әңгіме-дүкен құрылды. Күн бесіннен өте ауыл адамдары шаруаларын айтып, орындарынан тұра бастады, – деп көкем жастыққа жантайғанда, сонау қырық жетінші жылдан сексен тоғызыншы жылға қайта түскендей болды. Самаурындағы шай әлдеқашан басылып қалған.

– Көкең осындай ғой, – деді Тұмар апа, – бір әңгімені бастағанына бие сауым уақыт болды. Әлі аяқтаған жоқ.

– Е-е, оны аяқтап қайтем, – деді Кребек көкем, – отырсың ғой міне қасымда. Маған оның аяқталмағаны жақсы. Мына қырғыздардағы «Манас» жыры әлі айтылып келеді ғой. Жарықтық «Манастың» ырчылары бір киіз үйдің жасауын алты ай бойы тоқтамастан жырлайды екен. Менің соғысқа қатысқаным, ол жақта жүріп сені қалыңдыққа аламын деп болашақ қайын атама серт бергенім қай жырдан, қай эпостан кем? – деп шешіре шал бұл жолы тіпті көтеріле түскен.

– Апам қасыңызда жүр ғой, көке, қырық жылдан бері. Дегенмен, Сақан атаның сертін естідік те, шешімінің қалай болғанын біле алмай отырмыз емес пе! Соны бір-екі ауыз сөзбен түйіндеп берсеңізі, – деп мен Тұмар апаның жағына шыға сөйледім.

Көршілердің аяғы басылған соң Сақан аға «қабырғамызбен кеңесетін әңгімеміз бар» деді. Енді мен ыңғайсыздана бастадым. Ыңғайсызданғаным бергі жағы ғой. Тіпті, тісіміз-тісіме тимей, қалыңдап кеттім десем дұрыс болатын шығар. Өйткені, әңгіменің не жайлы болатынын ішім сезеді. Төрт жыл соғыста жүріп бұлай болмаған шығармын деймін-ау сонда. Содан қойшы, әйтеуір кеш батты. Әдемі жылы түн орнады. Бағанағы құж-құж қайнаған төртгі бөлмеде төрт-ақ адам бармыз. Сақан аға, әйелі, үлкен баласы Әлімхан және мен. Кеңес көпке созылған жоқ. Сөзді Сақан аға бастады.

– Менің сендерге көп айта беретін қарулас інім Кребекті бүгін тауып алдым. Оқ пен оттың ортасында бірге болдық. Жаман соғыспдық деп білем. Мынау орден-медальдар соның куәсі, – деп төрде ілулі тұрған костюмнің көзімен бір сипап өтті. – «За отвагу!» кеудемізге тағып тұрып екеуміз серттегесеміз болатынбыз. Сол сертіміз – серт! Тұмашымды Кребекке беремін. Бұған сендер не дейсіңдер? – деген.

Бір сәт төртгі бөлмеде ұшқан шыбынның ызыңы естілетіндей үнсіздік орнады. Сақан ағаның бәйбішесі бір нәрсе айтқысы келіп оқталды да, айта алмады. Әңгіме тізгінін Әлімхан алды.

– Көке, сіздің шешіміңізге кім қарсы келеді дейсіз. Көзімнің ағы мен қарасы Тұмашымды ренжітпей жүрсе болды. Басқа не деймін, – деп Әлімхан да тоқтады.

– Шай әкеліңдер! – деді Сақан аға саңқ етіп.

Тұмаркүл мен анасы екеуі үнсіз жүріп шай жасады. Түннің бір уағында үйеме табақ ет келді. Сақан аға бата жасап, менің алдыма бас пен жамбасты қатар қойды. Ал бұдан кейінгі уақыттарда мен бұл үйдің дастарқанынан тек төс мүжитін болдым. Міне, солай қарағым, дәл әңгіменің тарихы, – деп көкем бізді далаға бастады. – Қалған сөзді анау жеміс ағашының көлеңкесінде отырып сөйлесейік. Үйдің іші қапырық бола бастады ма, ауасы тарылып кетті...

Бұл кезде күн еңкейіп, даладағы ыстықтың аптабы түсіп, айналаға мамыражай тіршілік орнай бастаған уақыт еді.

**A3 ЕСКЕРТУ:** Ұлы Отан соғысының ардагері Кребек Жармаханбетов Украинаны, Белоруссияны, Латвияны, Литваны азат ету үшін болған ұрыстарға қатысып, Женісті Германияның Кенигсберг қаласында қарсы алған. Екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» орденімен, көптеген медальмен марапатталған. Соғыстан аман-сау елге оралғаннан кейін отыз жылдай ішкі істер органдарында қызмет етіп, милиция майоры шенінде зейнеткерлікке шыққан. Құдай қосқан қосағы Тұмаркүл апа екеуі жеті ұл-қыз тәрбиелеп өсірген. Тұмаш апамыз 1992 жылы өмірден өтті. Ал Кребек көке Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтуге тура 65 күн қалғанда бақилық болып кетті.

Сейітхан ЗЕБЕРХАНУЛЫ,  
Баубек Бұлқышев атындағы  
сыйлықтың лауреаты

ҚҰРЫҚ

**Төрт түлік өсіріп, содан ризық-несібесін алып келе жатқан тұрғындар соңғы жылдары жайылымдағы малының қамын ойлап, мазасыз күй кешуде. Оған басты себеп – мал ұрлығының өршуі. Бұл Қазақстан бойынша өзекті мәселеге айналып отыр.**

## МАЛ ҰРЛАҒАНДАРҒА ЖАЗА КҮШЕЙДІ

Бұрын барымташылар малды үйірімен айдап әкетіп, ұсталған жағдайда малын қайтарып, айып төлеп құтылатын болған. Бірнеше рет мал ұрлау фактісі тіркелсе де, қос тарап өзара келісімге келсе сот қылмыскерді босатуға мәжбүр болатын.

Енді ҚК-ге мал ұрлығы бойынша арнайы бап (188-1) енгізілді. Бапта қылмыстың 4 құрамы көрсетілген. Өзгенің малын ұрлау қылмысы үшін 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлкін тәркілеу жазасы көзделген. Ал арнайы топпен ұйымдасып, аса ірі көлемде жасалған қылмыс үшін 3-7 жылға дейін бас бостандығынан айыру, мүлкін тәркілеу жазасы қарастырылған. Бірнеше рет мал ұрлағаны үшін немесе тұрғынжай, кәсіпорын, ұйым, мекеме, қора ауласына заңсыз кіргені үшін енді қылмыскердің мүлкін тәркілеу және 5-10 жылға бас бостандығынан айыру жазасы беріледі. Қылмыстық топ арқылы аса ірі көлемде мал ұрлағандарды 7-12 жыл мерзімге абақтыға қамау және мүлкін тәркілеу жазасы күтіп тұр.

Бұдан бөлек тараптардың ымыраға келуіне байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатуды көздейтін Қылмыстық кодекстің 68-бабына өзгерістер енгізілді. Енді татуласу мүмкіндігі қасақана қылмысты қайта жасағандарға, бұған дейін келісімге келу арқылы қылмыстық жауапкершіліктен босатылғандарға берілмейді. Осылайша шиеленістерді сотқа дейінгі реттеуді көздейтін Қылмыстық кодекстің ережелерін ұрылардың пайдасына қолдануына жол берілмейді.

Ата кәсіпке арқа сүйеген өңір үшін мал басының көбейгені керек. Полиция тарапынан қылмыстың жолын кесуге барлық күш жұмылдырылғанымен, мұндай жаман әдетпен қоғам болып күресуге тиіспіз. Әсіресе, мал иелері сақтықты күшейтіп, қолындағы малын қараусыз жібермегені жөн.

**С.ЕСЖАНОВ,**  
Жаңақала аудандық сотының төрағасы  
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЮВЕНАЛДЫ СОТ

## БАЛА ҚҰҚЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

**Римдік құқыққа да, ортағасырдың құқықтық актілерінде де және бірқатар Еуропа елдерінің XVIII-XIX ғасырлардағы заңнамаларында да көмелетке толмағандардың құқығын қорғауға және оларды жасаған теріс қылықтары үшін қатал жазадан арашалап қалуға талпыныс жасалған, себебі, сот алдына келген балалар мен ересек адамдарға бірдей жаза беру мүмкін еместігін түсінген.**

Көмелетке толмағандарға қатысты ең алғашқы сот 1890 жылы Австралияда, 1894 жылы Канадада, содан кейін 1899 жылы АҚШ-та құрылған. Әлемдік тәжірибеде көмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттар екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда бола бастады және Франция мен Канада елдерінде барынша дамыған.

Қазіргі уақытта жасөспірімдер соты әлемнің 60-тан астам елдерінде жұмыс істейді. Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып, көмелетке толмағандар үшін мамандандырылған жүйе – жасөспірімдер сотын енгізе бастады. ҚР бала құқығын қорғауға бағытталған бірнеше халықаралық шарттардың, атап айтқанда, Бала құқығы туралы конвенцияның (1989 ж.), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (1966 ж.), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің (1966 ж.) қатысушысы.

2003–2006 жылдары республикамызда «Қазақстандағы ювеналды юстиция» халықаралық жобасы іске асырылып, оның аясында Мемлекет басшысының 2003 жылдың 23 тамызындағы жарлығы негізінде Астана мен Алматы қалаларында бірінші эксперименттік ювеналды соттар құрылған еді. 10 жыл бұрын, яғни 2012 жылдың ақпан айында барлық облыс орталықтарында көмелетке толмағандардың істері жөніндегі 16 сот құрылды. Семей қаласында орналасқан Шығыс Қазақстан облысының №2 көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты төрағасының өкімі негізінде 2012 жылы 2 шілдеден ресми түрде өз жұмысын бастады.

Ювеналды соттарда қаралатын азаматтық істер санатына баланың тұрғылықты жерін айқындау; ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау және басқа адамдарда болатын баланы айырып алу туралы; ата-аналарының біреуімен республикадан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін кеткен кезде баланың тұрғылықты жерін айқындау туралы; ата-ана құқықтарынан айыру (оларды шектеу) және оларды қалпына келтіру туралы; бала асырап алу және оның күші үшін жою туралы; көмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу туралы даулар бойынша; көмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық пен қамқоршылықтан (патронаттан) туындайтын даулар бойынша; көмелетке толмағанның әкесін анықтау және одан алименттер өндіріп алу туралы тағы басқа да мәселелер кіреді.

Ювеналды соттар жасы көмелетке толмағандардың өмірлік тәжірибесінің аздығы, физиологиялық, психологиялық толық жетілмегендігін ескеріп, олардың құқықтарын қорғау мақсатында құрылды.

Бүгінде ювеналды соттарда көмелетке толмағандарға қатысты достық атмосфера жасалған, ешбір сот залдарында темір тор бекітілмеген. Істердің қаралуы көбінесе ересек адам мен бала арасындағы диалог ретінде өтеді. Сонымен қатар, сотта тек заң саласының мамандары ғана емес, көмелетке толмағандардың психикалық және интеллектуалдық даму дәрежесін, мінез ерекшеліктерін, мүдделерін түсінетін, сондай-ақ, көмелетке толмаған балалармен әңгімелесу және жүргізілген әртүрлі психодиагностика арқылы баланың ата-анасына деген психоэмоционалдық байланысын, қорқынышын, сенімсіздігін анықтап, жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қорытынды шығаратын психолог маман да бар. Сот психологы баланы психоэмоционалды дайындап, оның қобалжу, қорқу сәттерінің алдын алу және психологиялық түрде дайындау, қойылған сұрақтарға нақты дәл жауап беруі үшін көмек береді. Семей қаласының ювеналды соты осы 2012–2021 жылдар аралығында барлығы 7267 іс қараған. Соңғы 10 жылдағы бала асырап алу туралы қаралған істер саны – 744.

Бүгінде ювеналды сот атқарған жұмыс нәтижесінде өз орнын, рөлін, маңыздылығын және тиімділігін дәлелдеді. Сондықтан ювеналды әділет жүйесін дамытудың өзектілігі жоғары деп санаймын. Себебі, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет негізін қалаушы бағыттарының бірі – бала құқығын қорғау мәселесі.



**Алтын АХМЕТОВА,**  
Семей қаласының ювеналды сотының кеңсе меңгерушісі

ГЕНДЕР

**Әйелдер отбасының ғана емес, сонымен қоса мемлекеттің де тірегі. Бүгінде олар отбасы, бала күтімінен бөлек, әр салада абыройлы еңбек етіп жүр. Мемлекеттің дамуына барын салып, ер азаматтармен теңдей қызмет жасауда. Бала тәрбиесі, шаңырақ шаттығы да әйелдерге байланысты. Мемлекеттік саясат гендерлік теңдік мәселесін қазіргі таңда алдыңғы қатарға шығарған. Тәуелсіздік алған жылдары гендерлік саясатты дамытуға қатысты мемлекетте үлкен жұмыстар атқарылды.**


Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру.

Мемлекеттік гендерлік саясат базалық гендерлік заңдарға және Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген ҚР 2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясына сәйкес жүзеге асырылды.

2000 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Конвенцияға сілтеме жасай отырып, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жоюмен халықаралық күрес күнін жариялады.

2009 жылы 4 желтоқсанда ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заң қабылданды.

## ШАҢЫРАҚТЫҢ ШАТТЫҒЫ – ӘЙЕЛ



Бұл заң отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы адам және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы ескертуге және алдын алуға, сонымен қатар, оларды жасауға итермелейтін себептер мен шарттарды анықтайды.

Еліміздің басты құқықтық құжаты Конституцияның 27-бабына сәйкес Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі отбасы-неке қатынастарын орнатады және реттейді. Олардың басты қағидасы – ерлі-зайыптылардың отбасындағы

теңдігі, балалардың отбасылық тәрбиесінің басымдығы, отбасының кәмелетке мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Статистикаға жүгінсек, бүгінгі таңда Қызылорда облысы судьяларының жалпы саны 86 болса, оның 27-сі әйелдер қауымы. Оның ішінде облыстық соттың алқа төрағасы, сот төрағасы болып қызмет атқаратын судьялар да бар.

Жалпы, әйел заты қазақ қоғамы үшін, қазақ мемлекеті үшін қашанда ардақты саналған.

**Л.АЛИБЕКОВА,**  
Қызылорда қалалық сотының судьясы

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

## СОТ КАБИНЕТІНІҢ КӨМЕГІ ЗОР

**ҚР Жоғарғы Сотының алға қойған міндеттерін іске асыру мақсатында «Сот актілерінің банкі», «Электрондық соттың шақыру қағазы», «Сот істері жөніндегі анықтамалық», «Сот кабинеті» сияқты бірқатар электрондық ақпараттық сервистер іске қосылған.**

Аталған сервистердің мақсаты сот ісін жүргізу рәсімдерін оңайлату, халықтың сот төрелігіне қолжетімділігін кеңейту және халық үшін қолайлы жағдайлар жасау. Олардың ішіндегі озығы осы «сот кабинеті» ақпараттық қызметі. Өйткені, ол халық үшін де, сот жүйесі үшін де көптеген қызметтерді ұсынады.

Сот кабинеті – ҚР соттарының электрондық түрдегі сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі. Жоба электрондық кілттерді пайдалана отырып, азаматтардың электрондық сот ісін жүргізуге қатысуына бағытталған. «Сот кабинеті» сервисі арқылы жеке тұлғалар және олардың өкілдері, заңды тұлғалардың өкілдері сервиске орналастырылған электрондық нысандарды толтыру арқылы сотқа құжаттарды (өтініштерді) электрондық түрде ұсынуға, сондай-ақ, мемлекеттік баждың онлайн төлемін жүргізуге құқылы. Азамат, оның өкілі немесе қорғаушы өзіне ыңғайлы кез келген уақытта, үйден немесе кеңседен шықпай, сот құжаттарымен танысуға, қызықтыратын іс бойынша бүкіл тарихты қарауға және сот актілерін басып шығаруға мүмкіндігі бар. Сот жүйесіне заманауи технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді оңайлатады, бюрократиялық кедергілерді алып тастайды, сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын барынша азайтады, азаматтардың уақыты мен қаражатын үнемдейді, сот жүйесінің ел

халқы үшін барынша ашықтығы мен қолжетімділігіне жағдай жасайды.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, сондай-ақ, қоғамның осыған байланысты сұраныстарының өсуі оларды сот жүйесінің қызметінде пайдалануды үнемі жетілдіру қажеттілігін талап етеді. Мысалы, Жоғарғы Сот Ішкі істер министрлігімен бірлесіп Әкімшілік полиция комитеті мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде соттар арасында электрондық өзара іс-қимыл енгізуді көздейтін «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі арқылы «әкімшілік істерді жөнелту» жобасын іске асырған. Қазіргі уақытта уәкілетті тұлға әкімшілік құқық бұзушылыққа байланысты барлық материалдарды соттарға электрондық түрде жібереді. Сондай-ақ, қолда бар ақпараттық технологияларды жетілдіру мақсатында республика соттарында «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі шеңберінде жол-көлік оқиғалары салдарынан сақтандыру төлемін жүзеге асыру мақсатында судьялардың, сақтандыру компаниялары мен олардың филиалдарының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулыларды электрондық түрде ұсынуы көздейтін жоба енгізілді.

Республиканың сот жүйесіне қазіргі заманғы электрондық технологияларды енгізу халықтың сот төрелігіне қол жеткізу деңгейін едәуір арттыруға, құқықтық қоғамдастықтың барлық мүшелеріне және бұқаралық ақпарат құралдарына соттардың қызметі туралы ақпаратты тез арада алуға жағдай жасауға мүмкіндік берді.

**Жайық ӘБЕТОВ,**  
Ақмола облысы көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

БІТІМ

## ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУ – АБЫРОЙЛЫ ІС

Медиация даулы мәселені бітімгершілікпен шешеді. Қазіргі сот жүйесіне өте қажетті бағыттардың бірі. Медиация арқылы сот жұмысының да, тараптар арасындағы ұзақ уақытқа созылатын әуре-сарсаңын азайтады. Дұрыс қолдана білсе, екі тарап та ерікті түрде бір мәмілеге келе алады.

Қазіргі кезде дау көбейді. Оған басты себеп – меншік түрлерінің көбеюі, нарықтық қатынастың дамуы және халықтың құқықтық сауаттылығының артуы мен азаматтардың

психологиялық-эмоциялық жағынан өзгеруі. Азаматтар болмашы ұсақ даулармен де сотқа жүгіне береді. Әрине, сотқа жүгінуге әр азаматтың құқығы бар. Бірақ сотта екі тарапты да разы қылатын шешім шығару мүмкін емес. Шешім шығарылған кезде тек бір тарап қана жеңіске жетеді. Сондықтан, мүмкін болса тараптарға татуласу абзал.

Алғашында атауын жатырқап, ел арасында түсінбеушілік болғанымен, шын мәнінде қазіргі таңдағы сот тәжірибесіндегі осы медиация



арқылы шаңырағы шайқалған отбасылар сақталды, көршілер арасындағы түсінбеушілік реттелді, кәсіпкерлер өзара бітімге келді.

**Күміс БАЙТАКОВА,**  
Орал қаласы №2 сотының жетекші маманы

КӨКЖИЕК

# ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



**Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінде «Тенішевройл» (ТШО) мұнай-газ өндіретін компания өкілдерімен кездесу өтті.**

Жиынға компанияның үкіметпен және қоғаммен байланыс бөлімінің бас менеджері Рзабек Артығалиев, құқықтық қамту бөлімінің бас менеджері Әсет Құрманбаев, қоғаммен байланыс жөніндегі білікті мамандар Светлана Қайырғалиева, Раушан Найзабаева, сондай-ақ, журналистика факультетінің деканы Сансызбай Мадиев, ЮНЕСКО-ның журналистика және коммуникация кафедрасының меңгерушісі Назгүл Шыңғысовалар қатысты.

Басқосуда факультеттің ұстаздары мен студенттер қонақтарға өз сауалдарын қойды. Қоғаммен байланыс мамандығының алар орны,

маңыздылығы және студенттердің мамандыққа деген қызығушылығын арттыру төңірегіндегі ойларын ортаға салды. «Шеврон» компаниясының атқарған әлеуметтік бағдарламалары, алдағы жоспарлары таныстырылып, қазіргі нарыққа қажетті медиамамандар даярлаудың жолдары мен жаңа мүмкіндіктері сөз болды.

1993 жылдан бастап «Шеврон» өз қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың игілігі үшін Атырау облысының әртүрлі әлеуметтік жобаларына 1,4 миллиард АҚШ долларынан астам қаржы жұмсаған. 2017 жылы «Игілік» ерікті әлеуметтік инфрақұрылым бағдарламасының бюджеті 25 миллион АҚШ долларына жеткен. Аталмыш қаржының негізгі үлесі Атырау облысында балабақшалар, мектептер және басқа да әлеуметтік нысандардың құрылысына жұмсалған. Бағдарлама аясында 110-нан астам

әлеуметтік маңызға ие инфрақұрылым нысандары салынып, дәрігерлер, мұғалімдер және техникалық мамандар үшін мыңнан астам жаңа жұмыс орындары құрылған.

2023 жылы «Тенішевройл» компаниясының құрылғанына 30 жыл толады. Дәл осы жиында алдағы 30 жылдықта өткізілетін шаралар, ауқымды жобалар және құрылғалы бері атқарылған әлеуметтік жобалар, денсаулық сақтау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жайлы айтылды.

2007 жылы ТШО кәсіпорыны Сарықамыста тұрған 374 отбасына (1590 адам) арнап Атырау қаласындағы Лесхоз ықшам ауданынан жеке кент тұрғызған, қалған 377 отбасына (1889 адам) Жылыой ауданындағы Жаңа Қаратон кентінде осыған ұқсас жаңа тұрғын үй кешенін салған.

Компанияның бас менеджері Рзабек Артығалиев «Жұртшылықпен байланыстың маңызы» атты презентациямен таныстырып, «Тенішевройл» компаниясының мүмкіндіктері мен жетістіктерін атап өтті. Жиын соңында журналистика факультетінің деканы, филология ғылымының кандидаты, доцент Сансызбай Мадиев сөз сөйлеп, келген қонақтарға алғысын білдіріп, кәде-сый тарту етті. Сапалы, нарыққа бейімділігі жоғары маман даярлауда іскерлік қарым-қатынас жалғаса беретініне сенім білдірді.

**Аружан ӘБИХАН,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
журналистика факультеті,  
«Қоғаммен байланыс» мамандығының  
2-курс студенті**

ДЕНСАУЛЫҚ

## Безгек ауруының алдын алу және табиғи ошақта дезинфекциялық іс-шаралардың жүргізілуі

Безгек – табиғи жағдайларда безгек масаларының шағуы арқылы таралатын плазмодиум тектес қарапайым қан паразиттері тудыратын инфекциялық аурулар тобы. Ол тропикалық елдерде кеңінен таралған індет. Ауырған кезде жалпы әлсіздік, дене қызуының қайта-қайта көтерілуі, соңынан қалтырау байқалады, ас қорыту, жүйке және басқа жүйелердің де жұмысы бұзылады, ал уақытылы емделмей, асқынған жағдайда өлімге соқтырады.

Безгек ауруының белгілері: қалтырау, бас ауруы, жүрек айнуы және құсу, бұлшықеттің ауыруы және әлсіздік. Безгекке қарсы күрестің барынша тиімді түрі – науқасты және паразит тасымалдаушыны ерте анықтау болып табылады.

Адамдар арасында ауруды болдырмау үшін, су қоймаларының тоғандануының және қансорғыш жәндіктердің, оның ішінде безгек масаларының көбеюінің алдын алу мақсатында, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2018 ж. 18 сәуірдегі №175 «Паразиттік аурулардың алдын алу бойынша эпидемияға қарсы санитарлық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларды бекіту туралы бұйрығына сәйкес, масалардың белсенді ауру жұқтыратын маусымында безгек ауруына қолайсыз болып табылатын елді мекендердің табиғи ошақтар аумағында санитарлық-профилактикалық дезинфекция іс-шараларын жүргізеді.

Алдын алу ережелерін бұлжытпай орындаған жағдайда ғана, өзіңізді безгек ауруынан сақтануға болатынын ескеріңіз!

**Б.КАБУЛОВА,  
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының Жетісай ауданы дезинфекциялық секторы эпидемиолог көмекшісі**

## ЖАРНАМА

ӨРТУРА

2. Ақтөбе облысы МАЭС-ның 16.03.2022 ж. ұйғарымымен «Жігер Ақтөбе» ЖШС-не, БСН 070640007209, оналту рәсімі қолданылғаны туралы азаматтық іс қозғалды.

4. «Қазақстандық құқық иеленушілердің қоғамы» РҚБ 11.05.2022 ж. сағат 15.00-де ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Төлебаев көшесі, 117 үй мекенжайында жалпы жиналыстың өтетіні туралы хабарлайды.

7. БҚО МАЭС-ның 2022 жылғы 15 сәуірдегі ұйғарымымен Байтерек ауданы бойынша МКБ-да тіркелген борышкер «ТриАл» ШҚ-ға қатысты, ЖСН 900417351238, оналту рәсімдерін қолдану туралы іс қозғалды.

9. 1.«KAZ Minerals Service» (КАЗ Минералз Сервис) ЖШС Жалғыз қатысушы - «KAZ Minerals Service» (КАЗ Минералз Сервис) ЖШС-нің 2022 жылдың 29 сәуіріндегі шешімінің негізінде «KAZ Minerals Service» (КАЗ Минералз Сервис) ЖШС-нің (БСН 151140001905, орналасқан жері және мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 070004, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Жеміс даңғылы, 9 үй, н.п. 34) «Востокветмет» ЖШС-не (БСН 140740012829, орналасқан жері және мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 070019, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов көшесі, 121) қосылды арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы ескертеді.

Қосылушы серіктестік – «KAZ Minerals Service» (КАЗ Минералз Сервис) ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттемелері беруші актіге сәйкес қосыл алушы серіктестікке - «Востокветмет» ЖШС-не өтеді.

«KAZ Minerals Service» (КАЗ Минералз Сервис) ЖШС-нің несиелерлерінің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 070004, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Жеміс даңғылы, 9 үй, н.п. 34.

2. 2022 жылдың 29 сәуірінде «Востокветмет» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысы «Востокветмет» ЖШС-не «KAZ Minerals Service» (КАЗ Минералз Сервис) ЖШС-нің қосылуы арқылы «Востокветмет» ЖШС-нің ерікті түрде қайта ұйымдастырылатыны туралы шешім қабылдады.

Қайта ұйымдастыру аяқталған соң, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45-бабына сәйкес, бизнес сәйкестік нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне қосылған заңды тұлғаның қызметінің тоқтауы туралы мәлімет енгізілген сәттен бастап «KAZ Minerals Service» (КАЗ Минералз Сервис) ЖШС-нің қызметі тоқтайды.

«KAZ Minerals Service» (КАЗ Минералз Сервис) ЖШС-нің барлық құқықтары мен міндеттемелері беруші актіге сәйкес қосыл алушы серіктестікке: «Востокветмет» ЖШС-не өтеді.

Қосылушы заңды тұлға туралы мәлімет:  
Атауы: «KAZ Minerals Service» (КАЗ Минералз Сервис) ЖШС  
БСН 151140001905

Тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 070004, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Жеміс даңғылы, 9 үй, н.п. 34.

«Востокветмет» ЖШС-нің несиелерлерінің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 070004, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов көшесі, 121.

«Востокветмет» ЖШС-не «KAZ Minerals Service» (КАЗ Минералз Сервис) ЖШС-нің қосылуы арқылы «Востокветмет» ЖШС-нің қайта ұйымдастырылуы «Востокветмет» ЖШС қабылдаған міндеттердің орындалуына ешқандай әсер етпейді.

13. «Ар-Қа-7» ЖШС, БСН 060740002408, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Островский көшесі, 24 үй, 10 пәтер. Тел.: 87079836970.

14. «Laguna Properties» ЖШС (БСН 180740013973) өзіне «Bolashak Tengiz Realty» ЖШС-н (БСН 140140018569) қосу арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Талғар көшесі, 8А үй. Тел.: 87272912424.

15. Тараз қалалық сотында 6.09.1942 жылы туған, Тараз қаласы, «Жайлау» ықшам ауданы, 7 үй, 7 пәтерде тұратын Алимова Урунтай Хакимовнаның өтініші бойынша 10.07.1915 жылы туған азамат Шатохин Митрофан Даниловичті қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды.

Азамат Шатохин Митрофан Даниловичтің тұрғылықты жері туралы ақпарат білетіндер болса осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 айлық мерзімде сотқа хабарлассын.

16. Уральскдорстрой» Акционерлік қоғамы 2022 жылдың 30 мамырында сағат 15:00 Акционерлердің кезекті жылдық ортақ жиналысының өтетіні жариялайды. Жиналыс мекенжайы: Орал қ., промзона Желасов, 25.

Күн тәртібі:  
2021 жылғы «Уральскдорстрой» АҚ-ның қаржы-экономикалық есебі.  
2021 жылғы Акционерлік қоғамның бухгалтерлік балансын бекіту.  
Аудиторлық есепті бекіту.  
Акциялар бойынша дивиденттерді төлеу.  
Акционерлерді тіркеу сағат 14:30 басталады. Кворум жиналмаған жағдайда, жиналыстың қайталану мерзімі және уақыты: 31 мамыр 2022 жыл, сағат 15:00-де көрсетілген мекенжай бойынша.

ТАРАТУ

6. «Доступные деньги» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 160340028844, филиалдарының таратылуы туралы хабарлайды. «Доступные деньги» ЖШС филиалдары мына жерлерде орналасқан: Алматы облысы, Алматы қаласы, БСН 181141035386; Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, БСН 191241007316; Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, БСН 180841025351; Павлодар облысы, Павлодар қаласы, БСН 180541034687; Нұр-Сұлтан қаласы, БСН 191041011367. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 47 үй. Байланыс тел.: 87072712317.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-al@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka\_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 870584147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Круцкая көшесі, 61, кеңсе 23.

МӘСЕЛЕ

Айлығы шайлығына жетпей жүрген халық тағы қымбатшылыққа жолықты. Рас, нарықтық заманда бағаға ешкім тосқауыл бола алмайды. Нарықтағы қымбатшылықтың себебі мен салдары қандай? Ресейге салынған санкциялардың Қазақстандағы қымбатшылыққа әсері бар ма? Мамандармен осы сауалдарға аз-кем әңгімелесіп көрдік:

БАҒА ЫРЫҚҚА КӨНБЕЙ БАРАДЫ



Мақсат ХАЛЫҚ, экономист:

«ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДЕГІ – ТӘУЕЛДІ ЭКОНОМИКА»

Ресейге салынған санкциялардың біздің баға нарығына әсері қандай, бұдан әрі жағдай қалай болуы мүмкін?

Бірден айта кету керек, осы жолғы санкциялар жалпы тарихта болған санкциялардың ішіндегі ең күрделісі. Бірақ Ресейдің мұнайы мен газын тежемесе де өте көп санкциялар салынды. Және бүкіл әлем Ресейге қарсы тұрып, тауарларын тұтынбаймыз және ол агрессивті позицияда тұр деуде. Ресей жерінде жұмыс жасайтын компаниялар біз агрессор мемлекетпен жұмыс жасамаймыз деп өз жұмыстарын тоқтатып, өндірісті тастап кетуде. Мысалы IKEA, MARS, DONONE компаниялары, бұдан бөлек 400-ден аса ірі компаниялар Ресейден кетті. Мұның барлығы ендігі күндері осы компания тауарлары тапшы болатынын меңзейді.

Енді біздің нарыққа келер болсақ, біз көбінде Ресей тауарларын тұтынамыз. Кедендік одаққа дейінгі жағдайда Қытай тауарларын қолдансақ, ЕЭО құрылғалы бері Ресейге басымдылық кетті. Қымбаттау салдары өте оңай, Ресей біз ЕЭО құрдық деп, одақ аясында, одаққа кіретін тауарларға БЖ салығын кө-

терді. Нәтижесінде біздің халқымыз жақсы көріп айдайтын өзбек елінің «Нексия» көлігі қымбат, «Лада» арзан болып шыға келді. Шын мәнінде «Лада» арзандаған жоқ, сырттан келген көліктерге БЖ салығы, тех. регламент бағаларын көтеріп тастады. Мінекей осындай қарапайым ғана себептер, бұл барлық тауарларға қатысты шарт. Енді аталмыш мәселе тек көлікке ғана қатысы бар дүние емес, Ресей әлемдегі барлық компанияларға ЕЭО-ты алға тартып, шақырту жасаған. Осыдан кейін ірі компаниялар өз жұмыстарын Ресей жерінде кеңейте бастады. Дастарқанымыздан орын тауып, балаларымыз сүйсіне жеп жүрген

әлемдегі астық экспортының 30% беретін, бүгінде бұл көрсеткіш 0% болып тұр. БҰҰ 1,7 млрд адам аш қалуы мүмкін деп дабыл қағуда. Мұның бәрі кедей және дамушы елдерге өз әсерін тигізбей қоймайды. Бізде енді бұл тұста өзіміздің бидайымыз, азық-түлік қауіпсіздігіміз бар. Дей тұрғанмен, осы азық-түлік қауіпсіздігін біздің үкімет қаншалықты қамтамасыз етіп отыр, көктемдегі егістік жұмыстары қалай жүріп жатқанына зер салып қараулары керек. Себебі, өткен жылы біз егістік жұмыстарын жылдағыдан 20% аз алдық. Соның салдарынан жем-шөп, ет қымбаттап жатыр. Міне осы мәселелер бүгінде ел үшін өте маңызды. Ал Ресей жағдайына келер болсақ, көрші мемлекет дефолттың алдында тұр.

Баға бір орнында тұру үшін мемлекет қандай әрекеттер жасауы керек?

Бірінші кезекте үкімет тапшы болып қалуы мүмкін тауарлардың тізімін жасақтап, сол тауарларды жеткізудің жаңа тізбектерін қамтамасыз ету керек. Екінші кезекте, біздің ауыл шаруашылығына қатысты өнімдерді, егіс алқаптарындағы жұмыстарды кеңінен, қуаңшылыққа төтеп беретін тұқымдар егу жұмыстарын қолға алу керек. Үкіметтің негізгі міндеті бағаны ұстап тұру не, базар аралау емес. Негізгі міндеттері жаңағы шаруалармен келісім жасау. Шенеуніктер шаруаларға қажетінше тұқымдар жеткізіп беріп, олармен белгілі мөлшерде өнім берулерін талап ету керек және олардың еңбегі ақталатындай қаражатқа сатып аламыз деп форвардтық келісім жасау керек. Осы кезде ғана арада ешқандай делдал болмайды. Осындай әрекеттермен бағаның қымбаттамауын қадағалай алады. Ал зауыттармен бағалық келісім жасасу керек. Міне үкіметтің негізгі міндеті осындай.

Тағы бір міндеті жылыжайларды барынша қамтамасыз етіп, тамшылатып суару, газбен жылыту мәселелерін шешіп берсе үкімет қыруар жұмыс жасаған болар еді.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Дос КӨШІМ, саясаттанушы:

«Бүкіл саяси, ұлттық жағдайымыз Украинамен өте ұқсас»

Ресейге салған санкциялардың әсері елімізге қалай болып жатыр деп ойлайсыз?

Әлемдегі жағдай елімізге жалғыз қаржы жағынан ғана емес, жоғары технология, көлік, керек десеңіз экспорт жағынан да әсерін тигізіп жатыр. Қазақстанның кемелерін, көліктерін қабылдамай жатқан жағдайларға куә болып отырмыз. Тікелей біздің банкпен Ресей банкінің арасындағы байланысты жақсы білеміз, осы деңгейде мәселелер үсті-үстіне жиналуда. Және ең басты санкция салып жатқан елдердің қорқатыны, Ресей осы санкцияларды айналып өту үшін Қазақстанды пайдаланады деген қорқыныспен елімізге бақылауларын күшейте түсті. Қысқасы мұның барлығы ЕО бойынша рубль мен теңгенің байланысы өте мықты екенін білеміз, олардың қаржылық мәселесіне түскен санкциялардың барлығы бізге де әсер етіп жатқанын көріп отырмыз. Санкциядан кейін Ресейде тауарлар қымбаттаса, біз сол тауарларды бұрынғы алаған баададан қымбат алып, өз жерімізде одан да қымбатырақ сатуға мәжбүр боламыз. Яғни, азық-түлік, технология бұрынғыдан едәуір бағалары көтеріледі. Бұл соңғы екі айдың ішіндегі нақты көріністер. Мысалы, өзіміздің алты мың теңгеге алып жүрген балығым тоғыз мың теңге болды, демек кем дегенде 50% нарыққа қосылды деген сөз. Ал 10-12% дегенге өз басым сенбеймін, халық та өзінің тоназытқышына қарап бағаны біледі.

Сондықтан біз соғысқа қатыспасақ та, Ресейді қолдамасақ та, біз одақтас есебінде санкциялардың жазасын тартып отырмыз.

Аталмыш оқиға осылай жалғаса берсе, бізге қандай қауіп бар?

Ресейдің экономикасы осы 6 айдың ішінде құлдырайды, қазірден-ақ бастауын алып келе жатыр. «Бәрі арығын білдірмес, итке жүзін қолмайтар» дегендей. Бүгін олар бұл тұсын көрсетпей отыр. Көптеген зауыт-фабрикалар Ресей нарығынан кеткенінен хабардармыз, енді көршілерде жұмыссыздық басып келе жатыр. Демек Ресей өз бюджеттерін екіге бөледі, бірін әлеуметтік мәселеге бұруға тура келеді, қалғанын соғысқа қалдырмақ. Егер соғыс осы жылдың соңына дейін созылатын болса, Қазақстанға ең үлкен қауіп Ресей халқының бізге қоныс аударуы, бізден зат сатып алуы және бізден жұмыс іздеуі болмақ. Бізде мұндай жағдайларда ешқандай шектеу қойылмаған. Ал Ресейдің өзінде шектеулер бар, азаматтығын алу үшін орыс тілін білу керек, Ресей тарихынан хабардар болу қажет. Бізде, қазірдің өзінде уақытша тұруға келіп жатқандар бар, олар көбейген сайын Қазақстанда қазақ мектептері, қазақ балабақшасы деген сөзге үлкен қауіп төнеді. Себебі, олар келген жердің бәрінде балаларын орыс мектептеріне, орыс тілді балабақшаға береді, орыс тілінде сөйлейді, орыс тілінде фирмалар жұмыс істей бастайды, қысқасы біздің ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртатын деген ойымыз, мақсатымыз, арманымызға үлкен бөгет болады. Қазірдің өзінде олар санкциялардың қысағын әлі көре қойған жоқ, соның өзінде қаншамасы қоныстарын аударып жатқандарын білеміз. Демек, Қазақстан ұлттық жағынан да, әлеуметтік жағынан да, саяси жағынан да үлкен мәселеге тіреледі. Украинадан кейін дәл осындай сценарийдің Қазақстанда қайталану мүмкіндігі бар және оны ешкім жоққа шығара алмайды. Осы тұста соғыстың болуы мүмкін деген мәселені мен 99% көтеруге дайынмын. Өйткені біздің бүкіл саяси, бүкіл ұлттық жағдайымыз Украинамен өте ұқсас. Сондықтан ертең денацификация мәселесі, демилитаризация мәселесі, одан бұрын территориялары қайтару мәселесі, орыс тілді азаматтарды қорғау мәселесі Ресейдің алдына қойылмақ.

Ғани ЕРКІНҰЛЫ

БАҒДАР

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛҒАН

Зияткерлік меншік жеке немесе ұжымдық еңбектің нәтижесі. Ол заң бойынша материалдық емес игілікке жатады. Әркім өзінің ақыл-ойының, әртүрлі бағыттағы ғылыми-шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде тың дүниелер, жаңалықтар ойлап табады және ол еңбегін патенттеп, иелік құқығын бекітеді.



Біз әдетте, зияткерлік меншік нысандарын екіге бөлеміз. Біріншісіне, өнер туындылары, шығармашылық және ғылыми еңбектер жатса, екінші бөлігіне, компания немесе жеке тұлға өз өнімін басақалардан даралау мақсатында ойлап тапқан немесе таңдаған фирмалалық атаулар, логотиптер, тауар белгілері мен қызмет көрсету таңбалары, тауардың шыққан жерлерінің атауы кіреді.

Интеллектуалды еңбектің бәрі Қазақстан аумағында заңмен реттелген. Бүгінгі таңда халықтың бұл бағыттағы зандық, құқықтық сауаты артты. Қай шығармашылық немесе осындай санатқа жататын өнім иелері болсын өз құқығын қорғау-

ға, даулауға, оған заңмен иелік етуге қақылы. Оны бүгінгі практика дәлелден те жүр. Десек те, шығармашылыққа қатысты, интеллектуалды ізденіс нәтижесінде туындаған біреудің өніміне «жиендік» жасап, плагиатқа ұрынатындар да жетерлік. Одан бөлек контрафактілік әрекеттерде ара кідік көрініс табады.

бысқа жалпы белгіленген тәртіппен салық салынады. Көп ретте осы заңдылық сақталмағандықтан елде контрафактілік өнімдер айналымы жұмыс істейді. Мемлекет бүгінгі таңда осы бағыттағы күресті күшейтіп отыр. Құзырлы органдармен қатар бұған қоғамның кез келген мүшесі де белсене араласуда.

«Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы бірінші реттеу қағидағары туралы келісімді ратификациялау туралы» заңда белгіленген тәртіппен рәсімделген және материалдық тұлғаға көшірілген зияткерлік меншік нысандарының бәрі нарықтық тауар айналымында пайдаланылатынын және материалдық емес құндылықтар түрінде есепке алынатынын көрсеткен. Материалдық емес құндылықтар туралы мәмілелер нәтижесінде алынған та-

Әділет министрлігі зияткерлік меншік құқықтарын сақтау мен қорғаудың қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында 3-20 мамыр аралығында «Контрафактіге жол жоқ» акциясын өткізуді қолға алды. Республика көлемінде өткізіліп жатқан акцияға Панфилов ауданаралық Әділет басқармасы да өз үлесін қосып, қолдау білдірді. Қазір аталмыш шараға арналған сурет байқауына аудан өңірлерінен қатысуға ниетті талапкерлер өз суреттерін, логотип пен бейнероликтерін жолдай бастады.

Қазақстан шығармашылықты қолдайтын, өнер білім, ғылымды, ондағы жеке адамдардың құқықтарын сыйлайтын мемлекет. Елдегі осындай игілікті шаралар азаматтардың бірлігін арттырады, заңсыздықтардың алдын алады, контрафактінің жолын кеседі. Біздің әділет жүйесі халықаралық құқықтық нормалардан бастау алады. Біз елдегі зияткерлік меншік құқығы саласындағы заңсыздықтарды реттеуді қарапайым азаматтардың көмегі арқылы жүзеге асырамыз.

Қ. РОЗБАКИЕВ, Панфилов ауданаралық Әділет басқармасы басшысының міндетін атқарушы АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмухамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 8019 дана Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №61 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31